**Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 187 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 қыркүйекте № 12052 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-38) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 31.03.2023 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада бекітілген тәртіпте мемлекеттік мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмесі мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың

2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Инвестициялар және даму*
*министрінің міндетін атқарушы* *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
________________ Е.А. Досаев
2015 жылғы 12 тамыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрі міндетін атқарушының
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 187 бұйрығымен
бекітілген

## "Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 31.03.2023 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 14-бабының 41-38) тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру тәртібін айқындайды.

Қағидалар сертификатталған әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) пайдаланушылардың сертификаттау талаптарын тиімді орындауын қамтамасыз етеді және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның сертификатталған

әуеайлақтарда (тікұшақ айлақтарында) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы реттеу функцияларын іске асыру үшін негіз қалыптастырады. Осы Қағидаларда ұсынылған сертификаттау процесі сертификатталған әуеайлақтарды пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуін және олардың сертификаттау талаптарын сақтауын ұдайы қадағалау үшін бастапқы базаны белгілейді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 420 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15427 болып тіркелген), Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес әуеайлақтарды (тікұшақ айлағын) сертификаттаудың жай-күйі туралы ақпаратты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым аэронавигациялық ақпаратты жинақтауда жариялау үшін аэронавигациялық ақпарат қызметіне ұсынады.

2. Заңның 66-бабының 2-тармағында белгіленген ұшу түрлері орындалмайтын әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының өтінімі бойынша әуеайлақтарды ( тікұшақ айлақтарын) сертификаттауға жол беріледі.

Заңның 66-бабының 2-тармағында белгіленген ұшу түрлері орындалмайтын әуеайлақтарды (тікұшақ айлағын) пайдаланушының өтінімі бойынша әуеайлақтарды ( тікұшақ айлақтарын) сертификаттауға жол беріледі.

3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация саласының тұрақты дамуын, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам (бұдан әрі – уәкілетті ұйым);

2) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификаты – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат (бұдан әрі – сертификат);

3) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы – меншік құқығымен не өзге де заңды негіздерде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланатын, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы;

4) беткі деңгейдегі тікұшақ айлағы – жер бетінде немесе жер бетіндегі құрылыста орналасқан тікұшақ айлағы;

5) бет үстінен жоғары көтерілген – тікұшақ айлағы көтерілген конструкцияда орналасқан тікұшақ айлағы;

6) тікұшақ палубасы – ашық теңіздегі қозғалмайтын немесе өзгермелі объектіде, мысалы, мұнай немесе газ өндіру үшін пайдаланылатын барлау және/немесе пайдалану қондырғысында орналасқан тікұшақ айлағы;

7) сыни ұшақ – сипаттамалары физикалық инфрақұрылымның тиісті элементтеріне, осы әуеайлақ қамтамасыз етуге арналған құралдар мен қызмет көрсетуге неғұрлым қатаң талаптар қоятын ұшақ түрі;

8) өтінім – өтініш берушінің сертификаттық зерттеп-қарау рәсімінен өту үшін уәкілетті ұйымға жазбаша өтініші;

9) өтініш беруші – сертификат алу үшін уәкілетті ұйымға жүгінген жеке немесе заңды тұлға;

10) сертификатталған әуеайлақ (тікұшақ айлағы) – пайдаланушыға әуеайлақтың ( тікұшақ айлағының) ұшуға жарамдылық сертификаты берілген әуеайлақ (тікұшақ айлағы);

11) сертификаттық зерттеп-қарау – уәкілетті ұйым жүзеге асыратын әуеайлақты ( тікұшақ айлағын), оның құрылымдық бөлімшелерін, жабдықтарды, пайдалану рәсімдерін, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі технологиялық процестерді, ұйымдық құрылымның құжаттамасын, сондай-ақ өтініш беруші мамандары біліктілігінің сертификаттау талаптарына сәйкестігін тексеру;

12) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (бұдан әрі – ҰҚБЖ) – қажетті ұйымдық құрылымды, жауапкершілік иерархиясын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен рәсімдерін қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға жүйелі тәсіл.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әуеайлақтың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттаудың мақсаты жердегі және әуедегі әуе кемелерінің (бұдан әрі –ӘК) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың меншігін және қоршаған ортаны қорғау.

Сертификатталған әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысы әуеайлақты ( тікұшақ айлағын) пайдаланушыға қойылатын сертификаттау талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Сертификаттық зерттеп-қарау жүргізу кезінде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы келесі талаптарды орындау мүмкіндігі мен құралдарын, сондай-ақ қаржылық-экономикалық жағдайын және құқықтық қабілеттілігін көрсетеді:

1) азаматтық авиация әуеайлақтары (тікұшақ айлақтары) үшін белгіленген физикалық-техникалық сипаттамаларды қамтамасыз ету;

2) пайдалану рәсімдеріне, соның ішінде:

әуеайлақ деректерін ұсыну;

әуеайлақтың жұмыс алаңын (тікұшақ айлағы элементтерін) инспекциялау;

әуеайлақтың жұмыс алаңына (тікұшақ айлағы элементтеріне) техникалық қызмет көрсету;

әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) қар мен мұздан және қауіпті метеорологиялық жағдайлардан қорғау;

кедергілерді бақылау;

шектеулі көріну жағдайындағы рәсімдер;

ұшуларды электрлі жарықпен техникалық қамтамасыз ету;

азаматтық әуе кемелерінің ұшуына құстар мен жабайы табиғат тудыратын қауіптерді басқару;

әуеайлақта (тікұшақ айлағында) авариялық жағдай болған жағдайда іс-шараларды жоспарлау;

ұшуларды авариялық-құтқару қамтамасыз ету;

қозғалу қабілетін жоғалтқан ұшақты алып тастау;

әуеайлақта көлік құралдарын пайдалану;

перрондағы қызметті ұйымдастыру;

перрондағы қызметтің қауіпсіздігін басқару;

ұшу қауіпсіздігін басқару.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Сертификаттау талаптары әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысында бар болуын талап етеді:

1) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы ресурстарын бөлуге өкілеттігі бар жауапты (бірінші) басшы. Жауапты басшы әуеайлақта (тікұшақ айлағында) қызметті басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) өндірістік қызметті басқару мен бақылауға және әуеайлақ (тікұшақ айлағы) объектілеріне, арнайы техникаға, қондырғылар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жауапты басшы(лар) (бұдан әрі – техникалық директорлар);

3) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін әзірлеуге, қолдауға және күнделікті әкімшілендіруге жауапты ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектор (менеджер). Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектор (менеджер) ұйымның кез келген басшыларынан тәуелсіз болып табылады және ұшу қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі ұйымның жауапты басшысына және басшыларына тікелей қол жеткізе алады, жауапты басшыға тікелей бағынады;

4) қызмет, бөлімше, ауысым бастықтары, олардың саны ұйымдық құрылымы мен персонал санын ескере отырып, қызмет көлеміне, міндеттері мен міндеттеріне сәйкес келеді;

5) қызметті жүзеге асыру үшін мамандардың жеткіліктілігін растайтын ұйымдық құрылым, штат кестесі;

6) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) бекітілген Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиациялық персоналдың кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламаларына сәйкес даярлығы, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) қызметті басқаруды, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) объектілерін пайдалануды, қондырғылар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын персоналдың тиісті біліктілігі;

7) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысы персоналының кәсіби даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық;

8) басшы құрам мен мамандардың міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын бекітілген лауазымдық нұсқаулықтар;

9) әуежай инфрақұрылымын және жер пайдалануды дамытудың егжей-тегжейлі кезеңдерін және іске асыру жоспарын қоса алғанда, басым міндеттердің тізбесін қамтитын кемінде 5 жылға бекітілген бас жоспарды қамтиды. Бас жоспарды әуеайлақ пайдаланушысы экономикалық орындылығы туралы ақпарат, тасымалдау болжамдары, атап айтқанда, әуе кемелерін пайдаланушылар қоятын ағымдағы және болашақ талаптар негізінде әзірлейді, сондай-ақ әуеайлақтағы (халықаралық әуе тасымалдарына қызмет көрсететін әуеайлақтар үшін) әуе қозғалысының көлемі ескеріле отырып және жергілікті атқарушы органдармен келісілген мерзімді түрде қайта қаралады;

10) уәкілетті ұйыммен келісілетін, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының бірінші басшысы бекіткен Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) бойынша нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық). Әуеайлақ бойынша нұсқаулық осы Қағидалардың талаптарына, DOC 9774 AN\969 "Әуеайлақтарды сертификаттау жөніндегі нұсқаулық" ИКАО, DOC 9981 " Аэронавигациялық қызмет көрсету қағидалары. Әуеайлақтар" ИКАО және DOC 9261 " Тікұшақ айлақтары жөніндегі нұсқаулық" ИКАО талаптарына сәйкес әзірленеді;

11) уәкілетті ұйыммен келісілген ұшу қауіпсіздігі жөніндегі құжаттама жүйесінің сипаттамасын қоса алғанда, Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі және ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі бекітілген нұсқаулық;

12) әуеайлақ қызметіне жататын аэронавигациялық деректер мен аэронавигациялық ақпараттың сапасын басқару жүйелері;

13) егер әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатының қолданылу саласына кіретін әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы қызметінің бір бөлігін мердігер ұйымдар (әуеайлақ(тікұшақ айлағы) объектілеріне, жабдықтары мен арнайы техникаларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, аэронавигациялық деректерді жинау, персоналды оқыту, ұшуларды авариялық-құтқару қамтамасыз ету, әуеайлақ(тікұшақ айлағы) объектілерін жобалау) жүзеге асыратын болса, мердігер ұйымдармен келісімдер;

14) сертификаттау талаптарының, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) белгіленген қағидалар мен рәсімдердің сақталуын ішкі бақылау жүйесі, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының өзі де, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) қызметін жүзеге асыратын бөгде және мердігер ұйымдар да;

15) азаматтық авиация ұйымдарының қызметтерімен өзара іс-қимыл (үйлестіру) жөніндегі нұсқаулықтар;

16) авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі бекітілген авариялық жоспар;

17) азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес құрылған әуежай комитетінің, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс тобының, ұшып-қону жолағы (бұдан әрі – ҰҚЖ) операцияларының қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс тобының;

18) техникалық құралдар, жабдықтар, арнайы жабдықтар, ғимараттар мен үй-жайлар, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін қызметті жүзеге асыруға арналған жеке қорғану құралдары қажетті міндеттер мен функцияларды тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) объектілеріне, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) бойынша деректерді ұсынуға, ұшуларды әуеайлақтық қамтамасыз етуге, әуеайлақ маңы аумағындағы кедергілерді бақылауға, мониторингтеуге және есепке алуға, құстар мен жабайы жануарлар тудыратын қауіптерді басқаруға және Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көліктің жұмысын ұйымдастыруға қойылатын сертификаттық талаптар:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген), азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылық нормаларының, Әуеайлақтар І том "Әуеайлақты жобалау және пайдалану" Халықаралық азаматтық авиацияның конвенциясына 14-қосымшасының және Әуеайлақтар ІІ том "Тікұшақ айлақтары" Халықаралық азаматтық авиацияның конвенциясына 14-қосымшасының талаптары;

2) аэронавигациялық деректерді беру бөлігінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 420 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15427 болып тіркелген), Азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларының талаптары;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 7 қазандағы № 978 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде№ 12360 болып тіркелген), Азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидаларының талаптары;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 327 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11676 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көліктің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларының талаптары;

5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 323 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11724 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуы үшін құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерді басқару қағидаларының талаптары;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген, Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларының талаптары;

7) әуеайлақтарға техникалық қызмет көрсету, күтіп ұстау және жөндеу бойынша әзірленген нұсқаулықтың, бекітілген жұмыс технологияларының болуы;

8) әуеайлақ жабындарын ақауды анықтау бойынша рәсімдердің болуы (ақауды анықтау актілері, әуеайлақ элементтерін тексеру актілері);

9) әуе кемелерінің, ілінісу коэффициентін өлшеу жөніндегі құрылғылардың тежеу шарттарын бағалау рәсімдерінің болуы;

10) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) күтіп-ұстауға арналған арнайы техниканың болуы;

11) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) арнайы көліктің жұмысын ұйымдастыру бойынша бекітілген рәсімдердің болуы;

12) ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін аэронавигациялық емес шамдарды, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) аймағында және әуеайлаққа іргелес аумақта құрылыс жұмыстарын және іс-шараларды жүргізуді қоса алғанда, кедергілерді бақылау, бағалау, есепке алу және оларды жою бойынша шараларды қабылдау.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ұшуды электр жарығымен техникалық қамтамасыз ету бойынша сертификаттау талаптары:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген), Азаматтық авиация

әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға жарамдылық нормаларының әуеайлақты электрмен жабдықтау және жарық-техникалық жабдық бөлігінде қойылатын талаптары;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 350 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11637 болып тіркелген), ҚР Азаматтық авиациясының ұшуын электр жарығымен техникалық қамтамасыз ету қағидаларының талаптары;

3) электр жарығы техникалық жабдықтарын инспекциялау және оларға қызмет көрсету жөніндегі технологиялық рәсімдердің болуы;

4) электр жарығы техникалық жабдықтарының техникалық схемаларының болуы;

8. Өрт қауіпсіздігі, ұшуды авариялық-құтқару бойынша сертификаттау талаптары:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген), Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларының авариялық-құтқару жабдығы, өрт сөндіру құрамының түрі мен саны бөлігінде талаптары;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 324 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12217 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптары;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 325 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12216 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуды авариялық-құтқару қамтамасыз ету қағидаларының талаптары.

9. Азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету жөніндегі сертификаттау талаптары:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 188 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11856 болып тіркелген), азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету ұйымдарына қойылатын талаптар;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 190 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11677 болып тіркелген), азаматтық әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету қағидаларының талаптары;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 191 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11678 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтарды сақтау, құюға беруге дайындау және олардың сапасына бақылау жүргізу қағидаларының талаптары;

4) авиаотынмен қамтамасыз етудің қажетті объектілерінің техникалық-ақаусыз жай-күйінде болуы.

10. Ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша сертификаттау талаптары:

1) әуеайлақтарды пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 136 қаулысымен бекітілген азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаның талаптары;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6855 болып тіркелген), әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде, әуежайларда, азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың, қызметі көрсетілетін қызметтерді ұсыну барысында әуе кемелерінің ұшуын орындаумен байланысты азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталықтарының ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтардың (бұдан әрі – Ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгілік нұсқаулық) әуежайларды пайдаланушылар бөлігінде қойылатын талаптары;

3) ұшу қауіпсіздігіне жауапты басшыны, ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің әзірленуіне және тиімді жұмыс істеуіне жауапты лауазымды адамды тағайындау;

4) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесін әзірлеудің, іске асырудың және жақсартудың бекітілген жоспарының болуы;

5) уәкілетті ұйыммен келісілген ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігі көрсеткіштерінің және ұшу қауіпсіздігінің нысаналы деңгейлерінің болуы;

6) рәсімдер мен процестер ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі.

Сертификатталған әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгілік нұсқаулықтың, Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға 19-қосымшасының "Ұшу қауіпсіздігін басқару" және DOC 9859 "Ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі нұсқаулық" талаптарына сәйкес ҰҚБЖ-н енгізеді.

ҰҚБЖ әуеайлақта (тікұшақ айлағында) ұшу қауіпсіздігін басқарудың ұйымдастырылған және реттелген тәсілін қамтамасыз етуге арналған. Өзгерістерді жүзеге асыруды басқару, ұшу қауіпсіздігіне бағалау жүргізу, әуеайлақтардағы (тікұшақ

айлақтарындағы) ұшу қауіпсіздігі саласындағы оқиғаларға қатысты деректерді ұсыну және талдаулар жүргізу, сондай-ақ анықталған тәуекелдің әсерін жұмсарту үшін тиісті техникалық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша тұрақты мониторингті жүзеге асыру тәртібі ХААҰ DOC 9981 "Әуеайлақтарға аэронавигациялық қызмет көрсету қағидалары" құжатының негізінде уәкілетті ұйым әзірлейтін Нұсқаулық материалда қамтылады.

Сертификаттау кезінде уәкілетті ұйым әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушысының ҰҚБЖ-н тексереді.

Жаңа әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушыны бастапқы сертификаттау кезінде оны енгізудің талап етілетін мерзімдерін ескере отырып, ҰҚБЖ-н толық емес көлемде енгізуге жол беріледі, алайда әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы кемінде мынадай мәселелерді қамтамасыз етеді:

1) әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушысының бірінші басшысы бекіткен және ұйымның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты міндеттемелерін көрсететін ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында саясат бар;

2) бірінші басшының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілігі бекітілген,

3) өндірістік қызметтерге қарамастан (ұшу қауіпсіздігі жөніндегі бірінші басшының орынбасары, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектор және ұйым басшылары) ҰҚБЖ әзірлеуге, енгізуге және әкімшілендіруге жауапты қызмет бастығынан төмен емес деңгейдегі лауазымды адам тағайындалды;

4) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін міндеттер мен жауапкершілік бірінші басшыны қоса алғанда, әрбір қызметкердің лауазымдық нұсқаулықтарында бекітіледі;

5) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы төмендегілерді көздейтін қағидаларды әзірледі:

персонал мен қосалқы мердігерлер оқиғалар туралы мәліметтерді ұсынады және оларға осындай мәліметтерді ұсынуға мүмкіндік беретін рәсімдердің сипаттамасы бар;

инциденттер талданады және содан кейін қабылданған әрекеттерге бақылау жасалады;

есептер мен инциденттерді талдау нәтижелерін сақтау қамтамасыз етіледі;

оқиғалар туралы мәліметтер уәкілетті ұйымға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға хабарланады;

басқа серіктестермен іс-қимылды үйлестіру қамтамасыз етіледі;

6) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы әуе кемелерімен ұшуды қауіпсіз жүргізу үшін қауіп төндіретін факторларды айқындау, талдау және бағалау, сондай-ақ осындай қауіпті азайту жөніндегі тиісті іс-шараларды жүзеге асыру қағидаларын әзірледі;

7) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы әуеайлақта (тікұшақ айлағында) кез келген өзгеріс болған жағдайда оның ұшу қауіпсіздігі үшін салдары талданатын және орын алуы мүмкін қауіпті факторлар санамаланатын қағидаларды әзірледі.

Қағидаларда талдау жүргізу, бақылау рәсімдері және талдау жүргізу өлшемшарттарын қоса алғанда, қауіпті факторларды жою бойынша қабылданатын шаралар бойынша жауапты тұлғалар айқындалады. Осы бағалаулардың нәтижелері жазылады және сақталады;

8) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы ықтимал кемшіліктерді талдай алу үшін ұшу қауіпсіздігінің өлшемшарттарын көрсететін ұшу қауіпсіздігі жай-күйінің өзіндік көрсеткіштерін белгілейді және бақылайды.

9) әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушысы тексерушілерді даярлау бағдарламасын қамтитын ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін тексеру бағдарламасын әзірледі;

10) әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушысы ұшу қауіпсіздігіне қатысты ақпаратты тарату процесін әзірледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Сертификатталған тікұшақ айлағының пайдаланушысына қойылатын сертификаттау талаптары осы Қағидалардың 5, 6, 7, 8, 9, 10-тармақтарында көрсетілгендей, қатысты бөлігінде қолданылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушы осы Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жауапты (бірінші) басшының әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) қызмет туралы техникалық білімі мен түсінігі болуын және қауіпсіздік стандарттарының сақталуын қамтамасыз етуде жетекші рөл атқаратынын қамтамасыз етеді.

Жауапты басшы:

1) азаматтық авиация саласындағы заңнамада және әуеайлақ (тікұшақ айлағы) бойынша нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалану үшін қажетті қаржылық ресурстарды қоса алғанда, барлық ресурстардың болуын;

2) егер қолжетімді ресурстар деңгейінің қысқаруы орын алса немесе ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін нашарлататын штаттан тыс жағдайлар (мән-жайлар) пайда болса, әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) қызмет көлемдерінің, түрлерінің тиісті қысқаруын;

3) ұшу қауіпсіздігі саласындағы саясатты әзірлеу, енгізу және ілгерілеуін;

4) әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) қызметтің сертификаттау талаптарына, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесіне, әуеайлақ туралы аэронавигациялық деректер мен аэронавигациялық ақпаратты беру

сапасын басқару талаптарына және әуеайлақта (тікұшақ айлағында) белгіленген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Жауапты басшыда:

1) әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) қызметті басқару үшін қажетті өкілеттіктері ;

2) ұшу қауіпсіздігі саласындағы стандарттар мен нормативтік құқықтық актілерге қатысты тиісті білімі және түсінуі;

3) басшы лауазымдарда құзыретті тұлғалардың болуын қамтамасыз ету үшін басшы құрамның құзыретіне қойылатын талаптарға қатысты түсінуі;

4) ұшу қауіпсіздігін басқаруы, сапаны басқаруы, авиациялық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің принциптері мен әдістерін білуі, түсінуі және олардың ұйымда қалай қолданылатыны;

5) жауапты басшының рөлін білуі;

6) әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) тәуекелдерді басқарудың түйінді мәселелерін білуі және түсінуі бар.

Жауапты басшының міндеттерін беру:

болмаған кезеңде жауапты басшының күнделікті міндеттері өкілеттіктерді беру туралы бұйрыққа сәйкес ұйымның тиісті басшысына беріледі, алайда әуеайлақтың ( тікұшақ айлағының) қызметі үшін жауапкершілік жауапты басшыда қалады.

Ұйымның көлемі мен күрделілігіне байланысты оқыту саласындағы міндеттер оқыту бағдарламаларын әзірлеуді, үйлестіруді, іске асыруды қамтамасыз ететін және персоналды оқытудың, сондай-ақ біліктілікті тексеру бағдарламаларының тиісті есебін жүргізетін оқыту менеджеріне беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген өз міндеттерін орындау үшін техникалық директорлар қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі.

Өндірістік қызметті күнделікті бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әуеайлақ ( тікұшақ айлағы) пайдаланушысы техникалық директорларды ауыстыру тәртібін қарастырады.

Өндірістік қызметтің көлемін және кәсіпорынның ұйымдық құрылымының күрделілігін ескере отырып, техникалық директорлардың міндеттерін біріктіруіне жол беріледі.

Техникалық директорлар мынадай құзыреттерге ие:

1) әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) пайдалану және/немесе оларға техникалық қызмет көрсету саласындағы практикалық тәжірибе мен білімге;

2) қолданылатын әуеайлақ (тікұшақ айлағы) талаптарына қатысты жан-жақты білімге;

3) қауіпсіздік және сапаны басқару саласындағы білімге;

4) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) нұсқаулығы жайында білімге.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектор (менеджер) осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ұшу қауіпсіздігін басқарудың тиімді жүйесін әзірлеу, басқару және қолдау үшін үйлестіруші және жауапты лауазымды тұлға болып табылады.

Инспектордың (ұшу қауіпсіздігі жөніндегі менеджердің) функцияларына мыналар жатады:

1) қауіптерді анықтауды, ұшу қауіпсіздігі және оларды басқару саласындағы тәуекелдерді талдауды қамтамасыз ету;

2) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қажетті іс-қимылдарды қабылдауды қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің енгізілуін және жұмыс істеуін бақылау;

3) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) қауіпсіздігі жөніндегі хабарламалар жүйесін басқару;

4) ұшу қауіпсіздігінің тиісті көрсеткіштеріне негізделген ұшу қауіпсіздігінің жай-күйі туралы мерзімді есептерді ұсыну;

5) ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі құжаттаманы жүргізуді ұйымдастыру;

6) ұшу қауіпсіздігін басқаруға оқытуды ұйымдастыру және оның белгіленген стандарттарға сәйкестігі;

7) ұшу қауіпсіздігі мәселелері бойынша консультациялар беру;

8) авиациялық оқиғаларды ішкі тергеп-тексеруге бастамашылық жасау және қатысу .

Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектордың (менеджердің) құзыретіне мынадай талаптар қойылады:

1) әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) пайдалану немесе әуеайлақтарға (тікұшақ айлақтарына) техникалық қызмет көрсету саласындағы немесе осыған ұқсас саладағы жеткілікті практикалық тәжірибе мен білім;

2) ұшу қауіпсіздігі мен сапасын басқару саласындағы білім;

3) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) бойынша нұсқаулықты білу;

4) әуеайлақтар (тікұшақ айлақтар) саласындағы халықаралық стандарттарды қоса алғанда, нормативтік құқықтық актілер мен стандарттардың талаптарын білу.

Техникалық директорлардың ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектордың ( менеджердің) функциялары мен міндеттерін тағайындауына немесе атқаруына жол берілмейді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Сертификат иеліктен шығарылмайтын болып табылады және ол басқа адамға берілмейді.

Сертификат осы Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша облысты және қолданылу мерзімін көрсете отырып, бес жыл мерзімге беріледі. Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін сертификат жарамсыз болып саналады.

Сертификаттық тексеру процесінде сертификаттық талаптардан ауытқулар анықталған кезде, комиссия өтініш беруші белгіленгенге баламалы ұшу қауіпсіздігінің деңгейін қамтамасыз ететін қабылдаған қосымша шараларды көрсете отырып, сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерді жою кезеңіне қолданылу мерзімі шектеулі сертификат беру мүмкіндігін белгілейді, сондай-ақ комиссия ескертулері жойылмаған жағдайда, әуеайлақты бұрынғы сертификаттау және инспекциялық тексеру кезінде. Қолданылу мерзімі шектеулі сертификат беру мүмкіндігі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған сертификаттық тексеру актісінде (бұдан әрі - Сертификаттық тексеру актісі) тиісті негіздемемен көрсетіледі.

16. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі - ИКАО) II, III санаттары бойынша жарық сигналымен, радиотехникалық және метеожабдықтармен жабдықталған әуеайлақтардың жарамдылығын сертификаттау үшін уәкілетті ұйым Халықаралық азаматтық авиация ұйымдарының мамандарын тарта алады.

16-1. "Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттау және жарамдылық сертификатын беру үшін "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) (бұдан әрі – Төлемдерді алу қағидалары) және "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) (бұдан әрі - Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесі және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелері) айқындалған тәртіппен және мөлшерде ақы алынады.

Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттау және жарамдылық сертификатын беру уәкілетті ұйымның бюджетіне алым енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Өтінім мен құжаттарды беру тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

17-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. "Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті ұйым көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру " электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

"Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беру" мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш беруші қолданыстағы сертификат мерзімі аяқталғанға дейін 35 (отыз бес) жұмыс күні бұрын "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) (бұдан әрі – өтінім) жарамдылығын сертификаттауды жүргізуге арналған өтінімді және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беруге мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптары тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттарды жібереді.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды портал арқылы электрондық түрде берген кезде – "жеке кабинетте" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі мемлекеттік қызмет нәтижесін алған күнін көрсете отырып көрсетіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Уәкілетті ұйым "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе

"электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттарды алады.

Өтініш беруші "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

"Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес өтініш берушіден ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

18. Уәкілетті ұйымның қызметшісі құжаттар мен мәліметтерді тіркеуді жүзеге асырады, олар келіп түскен күні орындаушыны тағайындайды.

Өтінімді және құжаттарды қарау мерзімі өтінім тіркелген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Орындаушы:

1) ұсынылған құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

2) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген құжаттарды қараудан бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Өтінім беруші қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді одан әрі қарау туралы еркін нысанда бас тарту (бұдан әрі – бас тарту) туралы дәлелді жауап жолдайды.

Осы Қағидалардың 7-тармағының 2) тармақшасының негізінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартқан кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін жібереді.

Тыңдау туралы хабарлама өтінімді және құжаттарды қарау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдауды өткізу қорытындысы бойынша өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту не әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) сертификаттық тексеру жүргізу туралы оң шешім беріледі.

19. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

**3-тарау. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау тәртібі**

20. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау тәртібі мынадай рәсімдер реттілігін көздейді:

1) өтініш берушінің уәкілетті ұйымға сертификаттау талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттармен бірге өтінімді портал арқылы беруі. Қайта сертификаттауға арналған өтінім қолданыстағы сертификаттың мерзімі аяқталғанға дейін отыз бес жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті ұйымның әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығына сертификаттау жүргізуге арналған өтінімі бойынша алдын ала бағалау және шешім қабылдау;

3) уәкілетті ұйым комиссиясының сертификаттық тексеру жүргізуі;

4) шешім қабылданғаннан кейін сертификатты беруді (беруден бас тартуды) уәкілетті ұйым портал арқылы жүзеге асырады).

Әрбір келесі рәсім алдыңғы оң нәтижелермен орындалады.

21. Бастапқы сертификаттау кезінде жаңа әуеайлақ (тікұшақ айлағы) ашылғанда әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы уәкілетті ұйымға сертификаттауға өтінім бергенге дейін екі айдан кешіктірмей Заңның 67-бабына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып өтінім жібереді.

Уәкілетті ұйым өтінімді алғаннан кейін әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушысының келісімі бойынша әуеайлақта жоспарланатын операцияларға байланысты осы Қағидалардың 6-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында сертификаттау басталғанға дейін әуеайлақ (тікұшақ айлағы) инфрақұрылымының және оның жабдықтарының техникалық инспекцияларын жүргізеді.

Техникалық инспекциялардың ұзақтығы мен саны әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) инфрақұрылымы мен объектілерінің дайындығына және олардың күрделілігіне байланысты.

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) техникалық инспекциялары:

1) инфрақұрылымдарды (ұшу жолақтары, ұшу-қону жолағы, рөлдеу жолы, перрондар, қызметтік жолдар, арнайы алаңдар, қауіпсіздіктің соңғы аймақтары, бос аймақ), кедергілерді шектеу беттерін, көрнекі құралдарын (маркерлер, оттар, белгілер, көрсеткіштер), электр жүйелерін, сондай-ақ ұшақтарда пайдалануға арналған әуеайлақ жабдықтарын;

2) талап етілетін өрт қорғанысын, авариялық-құтқару жабдығы деңгейін;

3) құстар мен жабайы жануарлармен соқтығысу қаупін болдырмауға арналған жабдықтар мен инфрақұрылымдарын тексеруді қамтиды.

Техникалық инспекцияларды уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторлары тексерудің бақылау парақтарын пайдалана отырып жүргізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Сертификатты алу үшін жеке және заңды тұлғалар уәкілетті ұйымға портал арқылы мынадай құжаттарды жолдайды:

1) пайдаланушының аэронавигациялық қызмет көрсетуді және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жеткізушімен өзара іс-қимыл жасау шарттарының электрондық көшірмелері (қызметтерді сатып алу кезінде);

2) ұшуларды жарықпен сигналдық қамтамасыз ету жүйесін ұшуларды тексерудің қолданыстағы актілерінің электрондық көшірмелері;

3) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) бойынша нұсқаудың электрондық көшірмелері, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын жедел жүргізу және өрт сөндіру жөніндегі жоспар;

4) авиациялық және инженерлік-техникалық персоналдың оқудан және кәсіптік деңгейін қолдауды растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

5) уәкілетті ұйымның қызметі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

6) ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді үздіксіз қадағалау жөніндегі уәкілетті ұйым жүзеге асырғаны үшін Төлемдерді алу қағидалары мен Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесі және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерімен айқындалатын тәртіппен және мөлшерде міндетті аударымдарды төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (қайта сертификаттау кезінде).

Осы Қағидалардың осы тармағында көрсетілген растайтын құжаттардың тізбесі, егер олар аталған құжаттаманы әзірлеуге қатысқан болса, ғылыми ұйымдардың және тиісті құзыретті органдардың қорытындыларымен қоса беріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Сертификаттаудың жалпы мерзімі өтініш берілген күннен бастап отыз бес жұмыс күнін құрайды.

## 4-тарау. Алдын ала бағалау және өтінім бойынша шешім қабылдау

24. Өтінімді алдын ала бағалау кезінде:

1) өтініш берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттардың болуы;

2) осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес құжаттардың болуы;

3) қарауға ұсынылған сертификаттау талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттаманың толықтығы;

4) инженерлік-техникалық персоналды оқыту және біліктілігін арттыру жоспарының болуы белгіленеді.

25. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіні оларға сәйкестікке әуеайлақ (тікұшақ айлағы) сертификатталатын сертификаттау рәсімдері, нормативтік талаптар туралы хабарлайды және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығына сертификаттау жүргізуге арналған өтінім бойынша шешім шығарады.

26. Бас тарту туралы хабарлама немесе әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау туралы шешім уәкілетті ұйымның тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттаудан бас тартқан кезде орындаушы осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген тәртіппен тыңдауды жүргізеді.

Тыңдауды өткізу қорытындысы бойынша өтініш берушіге әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беруден дәлелді бас тарту не әуеайлақтың ( тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын беруде оң шешім беріледі.

27. Өтінім мен құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторларының арасынан сертификаттық байқау жүргізу үшін уәкілетті ұйым комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

28. Сертификаттау процесі шеңберінде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы уәкілетті ұйымға әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) орналасқан жері, құралдары, қызметтері, жабдықтары, пайдалану рәсімдері, ұйымдық құрылымы және ұшу

қауіпсіздігін басқару жүйесін қоса алғанда, басшылық туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын Нұсқаулықты әзірлейді және келісуге ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Нұсқаулықтың болуы әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттау процесінің негізгі шарты болып табылады.

Нұсқаулық, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттық зерттеп-қарау барысында уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторлары тексеретін барлық рәсімдерді қоса алғанда қажетті ақпаратты қамтитынын тексерілуі мақсатында уәкілетті ұйымға әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) сертификаттық зерттеп-қарауды жүргізілгенге дейін қарауға ұсынылады.

Уәкілетті ұйым Нұсқаулық бекітілген күнінен бастап үш (3) жұмыс күні ішінде әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланашусын Нұсқаулықтың бекітілгені туралы хабардар етуге тиіс.

Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы уәкілетті ұйымды Нұсқаулық кез келген өзгерістері туралы хабардар етеді.

Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) басшысының бұйрығымен Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды жасауға, уақтылы енгізуге жауапты тұлға тағайындалады.

Нұсқаулық онда барлық түзетулерді, олардың күшіне ену және түзетулерді бекіту күндерін тіркей отырып, белгіленген тәртіппен жаңартылады.

Қолданыстағы Нұсқаулықтың бақылау даналары әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысында және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымда сақталады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы міндеттері әуеайлақ (тікұшақ айлағы) операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты немесе әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс аймақтарына кіруді көздейтін бөгде ұйымдардың персоналын қоса алғанда, Нұсқаулыққа немесе оның тиісті бөліктеріне барлық пайдалану персоналына қол жеткізуді айқындайды және қамтамасыз етеді.

Нұсқаулықты таратуда электрондық құралдар пайдаланылса әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысы түзетулерді қадағалау және олардың қабылданғанын растау тәртібін белгілейді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Нұсқаулықта оның мақсаты мен мақсаттары, сондай-ақ оны пайдалану персоналы мен мүдделі тараптардың пайдалану тәртібі келтіріледі.

Нұсқаулық ұйымдық және пайдалану құрылымына қатысты барлық тиісті ақпаратты қамтиды. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) барлық пайдалану персоналы үшін ол қолданыстағы нормаларда айтылған мәселелерге қатысты ақпарат пен нұсқаулықтарды қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде өзінің міндеттері мен жауапкершілік саласы туралы толық ақпарат алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Онда әуеайлақ қызметтері мен құралдарының сипаттамасы, барлық пайдалану процедуралары және кез-келген қолданыстағы шектеулер бар.

Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы нақты операция Нұсқаулықтың әрбір ережесінің сәйкестігін және қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізуді қамтамасыз етеді.

Нұсқаулық әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының ҰҚБЖ сипаттайды және , атап айтқанда, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысы өзінің қызметін ұшу қауіпсіздігінің нысаналы көрсеткіштері тұрғысынан қалай бағалауды жоспарлап отырғанын көрсетеді.

Нұсқаулықта әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясатына, пайдаланылатын рәсімдері мен нұсқаулықтарға қатысты ресми қабылданған немесе танылған құжаттамаға егжей-тегжейлі мәліметтер немесе тиісті айқас сілтемелер қамтылады.

Ірі әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) үшін операциялардың көлемі мен күрделілігін ескере отырып, Нұсқаулыққа операциялардың өздерін егжей-тегжейлі сипаттауды енгізудің орнына рәсімдерге, нұсқаулықтарға және олардың ережелеріне сілтемелер беруге жол беріледі. Мысалы, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының әуеайлақты (тікұшақ айлағын) қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша өзінің тәсілін сипаттау үшін ҰҚБЖ нұсқаулығын әзірлеуі және пайдалануы қолайлы.

Шағын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) үшін Нұсқаулық, күнделікті операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі рәсімдерін қамтитын қарапайым және қысқа құжат болып табылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Нұсқаулықтың жалпы бөлімі мынадай бөлімдерден тұрады:

1) титул парағы;

2) өзгерістерді тіркеу парағы, барлық өзгерістер (құжаттың басылымдары мен тексерулерінің нөмірлері мен күндері және олар үшін негіздер, тексеруді орындаған тұлға көрсетіледі) тіркеледі, өзгерістер енгізу рәсімдері, түзетулер әзірлеу талап етілуі мүмкін мән-жайлар сипатталады;

3) түзетулерді есепке алу парағы, Нұсқаулыққа оны қайта қарау немесе қайта шығару кезінде енгізілген жаңартулар және/немесе түзетулер қысқаша сипатталған;

4) Нұсқаулықтың тарату парағы мен рәсімдері;

5) қолданыстағы парақтар тізбесі;

6) мазмұны;

7) терминдер мен қысқартулар, лауазымдардың атаулары мен қысқартуларды қоса алғанда, Нұсқаулықта пайдаланылатын жалпы терминдердің қысқаша түсіндірмесі қамтылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Нұсқаулық жалпы сипаттағы ақпаратты қамтиды:

1) Нұсқаулықтың мақсаты мен қолданылу аясы, нұсқаулықтың мақсаты мен мақсаттары, сондай-ақ оны пайдалану персоналы мен мүдделі тараптардың пайдалану тәртібі сипатталған.

Нұсқаулықта әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушысының ұйымдастырушылық және пайдалану құрылымына қатысты барлық тиісті ақпарат бар екендігі сипаттамасы беріледі. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) барлық пайдалану персоналы үшін ол қолданыстағы нормаларда айтылған мәселелерге қатысты ақпарат пен нұсқаулықтарды қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде өзінің міндеттері мен жауапкершілік саласы туралы толық ақпарат алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Онда әуеайлық қызметтері мен құралдарының, барлық пайдалану рәсімдері және кез-келген қолданыстағы шектеулер сипаттамасын қамтиды;

2) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттаудың құқықтық негізі, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттауға қатысты заңды ережелер енгізіледі;

3) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалану шарттары және жоспарланған операциялардың сипаттамасы;

4) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) жұмысының регламенті және пайдалану шарттары, жұмыс регламентінен басқа бұл бөлімге әуеайлақ ашық болған кез келген уақытта ол әуе кемелерінің барлық пайдаланушылары үшін тең шарттарда ашық болатыны туралы ақпарат енгізіледі;

5) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) қызмет көрсетуді жоспарлап отырған критикалық ұшақтар;

6) әуеайлақ үшін – ұшу-қону жолағын қамтамасыз етілетін санат, ұшу-қону жалағының сипаттамасы беріледі: жабдықталмаған, жабдықталған, дәл емес және дәл қонуға кіруді қоса алғанда;

тікұшақ айлағы үшін – тікұшақ айлағының түрі: жер беті деңгейінде орналасқан, жер беті деңгейінен жоғары орналасқан немесе су бетінде орналасқан;

7) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) орындалатын ұшулардың сипаты: коммерциялық, жолаушылар, жүк әуе тасымалдары, авиациялық жұмыстар, жалпы мақсаттағы авиацияның ұшулары;

8) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) орындауға рұқсат етілген ұшу түріне сипаттама беріледі: халықаралық/ішкі, тұрақты/тұрақты емес, ППП/ПВП бойынша;

9) әуеайлақты пайдалануға рұқсат беретін ҰҚЖ-дағы (RVR) ең аз көріну қашықтығы;

10) аэронавигациялық ақпарат жүйесі және осы ақпаратты жариялау рәсімдері.

Бұл бөлімде аэронавигациялық деректер мен ақпараттың сапа менеджменті жүйесінің, олардың дұрыстығын (дәлдігін) және сапасын қамтамасыз етудің, ұшу қауіпсіздігінің қамтамасыз ету мақсатында аэронавигациялық ақпарат қызметіне жариялау үшін жеткізу рәсімінің сипаттамасы келтіріледі;

11) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) әуе кемелерімен орындалатын ұшуларды тіркеу жүйесі, ұшу-қону операцияларының санын, оның ішінде ұшу-қонудың орындалуын, әуе кемесінің түрін, максималды ұшу салмағын, жолаушылар күні мен санын есепке алуды тіркеу әдісі мен рәсімдерінің сипаттамасы келтіріледі;

12) Заңның 64-бабының 1-тармағына сәйкес әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының міндеттері;

13) персоналдың талап етілетін біліктілігі, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді және басқаруды жүзеге асыратын барлық персоналдың қажетті құзыреттілігін қамтамасыз ету рәсімдері.

Бұл бөлімде біліктілік талаптары (біліміне, жұмыс тәжірибесіне, дағдыларына қойылатын талаптар) және оқыту түрлерін, оқытудың әрбір түрінің кезеңділігін, ұзақтығын, қысқаша сипаттамасы бар тақырыптар тізбесін, оқу тәртібі мен ең аз өту балымен білімді бағалауды, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалануды қамтамасыз ететін персонал үшін қолданылатын оқыту стандарттарын қоса алғанда, оларды сипаттай отырып оқыту бағдарламалары келтіріледі), әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) және оның объектілеріне техникалық қызмет көрсету; персоналды оқытуды ұйымдастыру және дербес жұмысқа жіберу рәсімдері, жазбаларды жүргізу және сақтау; персоналды аттестаттау, оның кезеңділігі, аттестаттау тәртібі, аттестаттаудан өтпегендер үшін рәсімдер, бағдарламаның өзін тексеру (валидациялау) процесі, жазбаларды жүргізу және сақтау.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Нұсқаулық әуеайлақ (тікұшақ айлағы) әкімшілігі туралы ақпаратты қамтиды, оның ішінде:

1) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) атауы мен мекенжайы;

2) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының атауы және мекенжайы;

3) әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) қауіпсіздікке жалпы жауапты болатын жауапты басшы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы);

4) ұйымдық құрылым, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының жалпы ұйымдық құрылымының сызбасы, лауазымды тұлғалардың, департаменттер мен қызметтердің атауымен жекелеген департаменттердің ұйымдық құрылымдарының сызбалары келтіріледі, олардың арасында байланыс және бағыныстылық желілері келтіріледі. Жауапты басшылардың, негізгі пайдалану персоналының лауазымдарының, жауапкершіліктері мен міндеттерінің сипаттамасы, олардың байланыс деректері келтіріледі;

5) әуежай комитеттері, әуежай комитеттері немесе осыған ұқсас құрылымдар туралы ақпарат, олардың жұмыс регламенті (мысалы, ҰҚЖ операцияларының қауіпсіздігі жөніндегі комитет, құстар мен жануарлар тудыратын қауіптермен күрес жөніндегі комитет, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі комитет) келтіріледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Нұсқаулықта әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) орналасқан жері туралы деректер келтіріледі:

1) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалануға арналған әуежай құралдарын көрсете отырып, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жоспары, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) бақылау нүктесінің орналасқан жерін, ҰҚЖ, рөлдеу жолдры (бұдан әрі – РЖ) және перрондардың орналасқан жерін көрсететін жоспар; әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) таңбалануы мен жарық-сигналдық жабдығы (қонуға дәл кіру траекториясының көрсеткішін - PAPI, егер бар болса, глиссаданың көзбен шолу индикациясы жүйесін (VASIS) және кедергілерді жарықпен қоршауын қоса алғанда); жел көрсеткіштерінің қоса алғанда, навигациялық құралдар мен метеорологиялық жабдықтардың ұшу жолағының аумағында орналасу орындары;

2) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) шекаралары көрсетілген жоспары;

3) әуеайлақтан (тікұшақ айлағынан) елді мекендерге дейінгі қашықтықты көрсететін жоспар, әуеайлақтан жақын қалаға және елді мекендерге дейінгі қашықтықты, сондай-ақ әуеайлақ (тікұшақ айлағы) шекарасынан тыс орналасқан барлық әуеайлақ (тікұшақ айлағының) құралдары мен жабдықтарын орналастыру орындарын көрсете отырып, жоспар келтіріледі;

4) жаңарту рәсімдері және жоспарлардың дәлдігін қамтамасыз ету;

5) жер учаскесіне меншік құқығы, шекаралары көрсетілген әуеайлақ (тікұшақ айлағы) орналасқан жер учаскесінің жоспары.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Нұсқаулықта аэронавигациялық ақпарат қызметіне (бұдан әрі – ААҚ) беруге жататын әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) деректері келтіріледі:

1) жалпы сипаттағы ақпарат, соның ішінде

әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) атауы, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) кодтық белгіленуі, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) мекенжайы;

әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) орналасқан жері (ең жақын елді мекенге дейінгі қашықтығы және бағыты);

әуеайлақтың (ӘБН)/тікұшақ айлағының (ТАБН) бақылау нүктесінің географиялық координаттары дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесінде-1984 айқындалған ( бұдан әрі-WGS-84);

әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) геоидінің биіктігі және толқыны;

әуеайлақтар үшін – ҰҚЖ табалдырықтарын қоса алғанда ҰҚЖ биіктігі мен геоидтық толқыны, ҰҚЖ соңының және ҰҚЖ бойындағы кез келген елеулі көтерілу немесе төмендеу нүктелерінің биіктігі, сондай-ақ қонуға дәл кіруге арналған ҰҚЖ-ның қону аймағының ең жоғары биіктігі;

тікұшақ айлақтары үшін – қону және көтерілу аймағының биіктігі мен геоидтық толқыны және/немесе соңғы қонуға бет алу және ұшып көтерілу аймағының әрбір табалдырықтарының биіктігі;

перронның биіктігі;

әуеайлақ (тікұшақ айлағы) аймағындағы ауаның есептік температурасы-бірнеше жылдың ең ыстық айының тәуліктік максималды температурасы негізінде есептелген орташа айлық температура;

әуайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы; әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының аты, мекенжайы және онымен кез келген уақытта байланысуға болатын телефон нөмірлері;

2) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) өлшемдері және онымен байланысты ақпарат, соның ішінде:

әуеайлақ үшін – келесі декректер келтірілген ұшу-қону жолағы: шынайы азимут, ҰҚЖ-ның цифрлық белгіленуі, ұзындығы, ені, ығыстырылған ҰҚЖ табалдырығының орналасқан жері, еңісі, бетінің типі, ҰҚЖ типі, ал қонуға дәл кіруге арналған ҰҚЖ үшін-кедергілерден бос аймақтың болуы (OFZ);

тікұшақ айлағы үшін – қону және көтерілу аймағы (TLOF): өлшемдері, еңісі, бетінің типі, жүк көтеру қабілеті тоннамен (1000 кг);

әуеайлақ үшін –ұшу жолағының ұзындығы, ені мен бетінің типі (STRIP), ҰҚЖ соңындағы қауіпсіздік аймақтары (RESA), тежеудің соңғы жолақтары (SWY) келтірілген ұшу жолағы;

тікұшақ айлағы үшін – қонуға бет алу және ұшып көтерілу аймағының (FATO) типі, нақты азимут, белгілеу нөмірі (егер қарастырылған болса), бетінің ұзындығы, ені, еңісі, типі, және қауіпсіздік аймағының ұзындығы, ені бетінің типі;

рөлдеу жолдарының бетінің ұзындығы, ені, түрі және беріктігі келтірілген рөлдеу жолдары;

перрон бетінің және әуе кемелерінің тұрақ орындарының типі, беріктігі келтірілген перрон және тұрақ орындары;

кедергісіз жолақтың жер бетінің ұзындығы мен профилі келтірілген кедергілерден бос жолақ (CWY);

әуеайлақтар үшін – қонуға кіру схемаларына арналған көрнекі құралдар; жақындау шамдары және глиссаданың көрнекі индикация жүйелерінің (PAPI/ APAPI және T-VASIS/ ATVASIS) типтік сипаттамасы; ҰҚЖ, рөлдеу жолдары мен перрондардың таңбалануы мен шамдары жүйесінің сипаттамасы; рөлдеу жолдары мен перрондардағы бағдарлау мен басқарудың басқа да көрнекі құралдарының (ҰҚЖ-дағы күту орындарының, аралық күту орындарының және "тоқта" желілерінің шамдарын қоса алғанда) сипаттамасы; телескопиялық траппен визуалды байланысу жүйесінің орналасуы мен типі (егер бар болса); шамдарға арналған резервтік қуат көзінің болуы;

тікұшақ айлақтары үшін – қонуға кіру схемаларына арналған көрнекі құралдар, FATO, TLOF, РЖ мен перрон таңбалары мен шамдары;

әуеайлақтық VOR тексеру орындары; әуеайлақтық VOR тексеру орындарының орналасуы және олардың радиожиілігі сипатталған;

әуе кемелерінің стандартты рөлдеу маршруттары, олардың орналасуы және белгіленуі;

әуеайлақтар үшін – радионавигациялық жабдық пен ҰҚЖ арасындағы қашықтық, аспаптық қону жүйесін (ILS) құрайтын курстық және глиссадалық маяктар арасындағы немесе микротолқындық қону жүйесін (MLS) құрайтын азимуттық және бұрыштық антенналары мен ҰҚЖ-ның сәйкес ұштарының арасындағы қашықтық ең жақын метрге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

тікұшақ айлақтары үшін – аспаптық қону жүйесін (ILS) құрайтын курстық және глиссадалық маяктар арасындағы немесе микротолқындық қону жүйесін (MLS) құрайтын азимуттық және бұрыштық антенналары мен TLOF немесе FATO сәйкес жиектері арасындағы ең жақын метрге немесе футқа дейінгі қашықтық;

әуеайлақтар үшін – әрбір табалдырықтың географиялық координаттары;

тікұшақ айлақтары үшін - қону және көтерілу аймағының және/немесе соңғы қонуға бет алу мен көтеріліп ұшу аймағының әрбір табалдырығының геометриялық орталығы;

рөлдеу жолдарының осьтік сызығының тиісті нүктелерінің географиялық координаттары;

әуе кемелері тұрағының әрбір орнының географиялық координаттары;

кедергілердің сипаттамасы, географиялық координаттары және биіктігі; жарық белгілерімен жабдықталғанына және аэронавигациялық ақпарат жинақтарындағы көрсетілгендігіне қарамастан, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) белгіленген кедергілерді шектеу беттеріне енетін объектілердің тізбесі (сипаттамасы, географиялық координаттары және биіктіктерімен бірге);

"Әуе кемесінің классификациялық саны – жабынның классификациялық саны ( ACN-PCN)" әдісімен белгіленген жасанды жабынның жүк көтергіштік қабілеті және типі;

биіктік өлшегіштерді ұшу алдындағы тексеру алаңдары, әуеайлақта орнатылған биіктік өлшегіштерді ұшу алдындағы тексеру алаңдары орындарының сипаттамасы және олардың биіктігі;

жарияланған қашықтықтар, әуеайлақтың орналасатын екпіндеу арақашықтығы ( ОЕА), әуеайлақтың орналасатын ұшу-көтерілу арақашықтығы (ОҰҚА), әуеайлақтың орналасатын үзілген ұшу-көтерілу арақашықтығы (бұдан әрі - ОҮҰКА), әуеайлақтың орналасатын қону арақашықтығы (ОҚА) бойынша деректер;

қозғалу қабілетін жоғалтқан әуе кемелерін алып тастау; басшының бұйрығымен тағайындалған әуеайлақта (тікұшақ айлағында) қозғалу қабілетінен айырылған әуе кемесін алып тастау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын үйлестіруге жауапты лауазымды адам туралы деректер, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары, сондай-ақ әуеайлақ (тікұшақ айлағы) қызметтерінің алып тастауға қабілетті ӘК-нің ең ауыр түрін көрсету жолымен ӘК-ні алып тастау жөніндегі мүмкіндіктер туралы ақпарат;

құтқару және өрт сөндіру; әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланатын ең ұзын әуе кемелеріне сәйкес келетін құтқару және өртке қарсы қызмет санаты көрсетілген әуеайлақта/тікұшақ айлағында өрттен қорғаудың тиісті деңгейі (ӨҚТД) туралы ақпарат , сондай-ақ, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) бар өрт сөндіру құралдарының түрі мен саны.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Нұсқаулықта рұқсат етілген ауытқулар тізімі уәкілетті ұйым мақұлдаған ( келіскен) нормативтік ережелерден барлық ауытқулар олардың негіздемелерімен және тиісті ЭБЖЖ-ға сілтемелерімен бірге келтіріледі (ұшу қауіпсіздігін бағалауды және/ немесе аэронавигациялық зерттеулерді қоса алғанда).

38. Нұсқаулықта әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалану рәсімдері және әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) авиациялық операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы мәліметтер келтіріледі. Әр рәсімдерге қатысты әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының міндеттері нақты көрсетіледі, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы немесе оның серіктестері шешуі тиіс міндеттер тізбеленеді, жүргізілетін жұмыстардың кезеңділігі мен сипаты сияқты қажетті мәліметтермен бірге осы міндеттерді орындау тәсілдері мен рәсімдері сипатталған жекелеген нұсқаулықтарға сипаттама беріледі немесе сілтемелер келтіріледі.

Пайдалану рәсімдері мыналарды қамтиды:

1) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) туралы ақпарат беру, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) туралы деректер мен ақпаратты тарату үшін қолданылатын рәсімдер мен ақпараттық жүйелердің, олардың аэронавигациялық ақпарат жинағында (бұдан әрі – AIP) енгізілетін өзгерістерінің, сондай-ақ NOTAM шығаруға арналған ААҚ-ға сұрау салулар беру рәсімдерінің сипаттамасы келтіріледі, оның ішінде:

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымды және аэронавигациялық ақпарат қызметін әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) кез келген өзгерістер туралы хабардар ету және әуеайлақ (тікұшақ айлағы) жұмыс және жұмыс емес сағаттарында осы өзгерістер туралы хабарламаны тіркеу тәртібі;

өзгерістер туралы хабарламаға жауапты лауазымды адамдар, олардың функциялары және хабарлама саласы және әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс және жұмыс емес сағаттарында олармен байланысу үшін телефон нөмірлері;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым көрсеткен өзгерістер туралы ақпарат хабарланатын мекенжай мен телефон нөмірлері келтіріледі;

2) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) бақыланатын аймағына және қолжетімділігі шектеулі аймақтарға кіруді бақылау, соның ішінде:

әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласуды болғызбауға және адамдардың, көлік құралдарының, жануарлардың әуеайлақ (тікұшақ айлағы) аумағына рұқсатсыз кіруін болғызбауға жауапты авиациялық қауіпсіздік қызметі (АҚҚ) қамтамасыз ететін әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) бақыланатын аймағына және қолжетімділігі шектеулі аймаққа кіруді бақылауды қамтамасыз ететін авиациялық қауіпсіздік жөніндегі белгіленген және орындауға жататын рәсімдер туралы мәліметтер ұсынылады;

әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының, ӘК пайдаланушыларының, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) тұрақты орналасқан ӘК пайдаланушыларының қол жеткізуін бақылау жөніндегі функциялар туралы мәліметтер беріледі;

әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) кіруді бақылауға жауапты АҚҚ лауазымды адамдарының және олардың функцияларының тізбесі, сондай-ақ олармен жұмыс және жұмыс уақытынан тыс уақытта байланысу үшін телефон нөмірлері келтіріледі;

3) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) авариялық жағдай болған жағдайда іс-шараларды жоспарлау, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) немесе оның маңында туындайтын түрлі төтенше жағдайларды жою жоспарларын біріктіретін және мынадай кіші бөлімдерден тұратын авариялық жоспар туралы мәліметтер келтіріледі:

төтенше жағдайларға арналған іс-қимыл жоспарлары, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) немесе оның маңында әуе кемесімен болған инциденттер мен апатты оқиғалар, ғимараттардағы өрттер, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілері (әуе кемелерінің немесе ғимараттардың жарылу қаупі, әуе кемелерін заңсыз басып алу қаупі), техногендік және басқа да авариялар нәтижесінде туындайтын авариялық жағдайларға арналған әуеайлақта (тікұшақ айлағында) бар іс-қимыл жоспарлары

туралы ақпарат келтіріледі, жергілікті жағдайларға сүйене отырып, табиғи сипаттағы, сондай-ақ қауіпсіз қызметті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды және авариялық жағдайдан кейін қалыпты қызметке көшуді қамтитын іс-қимыл жоспары;

байланыс пен өзара іс-қимыл орнатылатын ұйымдардың, агенттіктердің және билік өкілдерінің тізбесі;

қажетті функцияларды, олардың телефон нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайларын, SITA, AFTN, радиожиілікті орындау үшін әуежай аумағында да, одан тыс жерлерде де ұйымдардың, агенттіктердің және тиісті өкілеттіктері бар тұлғалардың тізімі келтіріледі;

оқиға орнында өткізуге жауапты басшыны тағайындау туралы ережелер және төтенше жағдайдың әрбір түріне оның міндеттерін сипаттау келтіріледі;

әуеайлақта (тікұшақ айлағында) авариялық жағдай болған жағдайда хабарлау схемалары мен тәртібінің сипаттамасы;

әуеайлақ (тікұшақ айлағы) құралдары мен жабдықтары, авариялық жағдайда пайдаланылатын әуеайлақ құралдары мен жабдықтары, оларды сынау және сынау жиілігі туралы мәліметтер;

байланыс құралдары, АҚЖ басшылығы үшін байланыс құралдарының жұмысқа қабілеттілігін тексеру рәсімдерінің болуы және болуы;

авариялық жоспарды тексеру бойынша оқу-жаттығулар;

төтенше жағдайларды жою үшін персоналды оқыту;

4) құтқару және өрт сөндіру, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) құтқару және өрт сөндіру саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі бөлігінде құралдар, жабдықтар, персонал және рәсімдер туралы деректер келтіріледі, соның ішінде:

ӨҚТД бойынша әуеайлақ (тікұшақ айлағы) санатын айқындау, әуежайда ұшуды орындайтын ең ірі әуе кемесінің мөлшеріне қарай әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) ӨҚТД қамтамасыз етілетін санатын айқындайтын қағидаттардың сипаттамасы;

ӨҚТД бойынша әуеайлақ (тікұшақ айлағы) санатын арттыру, ӨҚТД санатын арттыру үшін ұшуларды іздестіру авариялық-құтқару қамтамасыз ету қызметі (бұдан әрі - ҰІАҚҚҚ) жүзеге асыратын іс-қимылдарды сипаттай отырып, әуеайлақ (тікұшақ айлағы)пайдаланушысының бөгде ұйымдары мен бөлімшелері де жүзеге асыратын іс-қимылдар сипатталады;

ӨҚТД бойынша әуеайлақта (тікұшақ айлағында) көзделген (қамтамасыз етілетін) от сөндіретін заттар санының сипаттамасы келтірілетін әуеайлақ (тікұшақ айлағы) бойынша санатын қамтамасыз ету критерийлері, олардың шығысының қамтамасыз етілетін нормалары, өрт сөндіру автомобильдерінің саны, ӨҚТД бойынша әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) санатын төмендету немесе арттыру жағдайларын қоса алғанда, персоналмен жасақталуы;

ҰІАҚҚҚ қызметкерлерінің қосымша міндеттері;

ҰІАҚҚҚ персоналын тиісті хабардар ету мақсатында ұшақтардың қозғалыс учаскелерін (ҰҚЖ, жұмыс алаңының қалған учаскелері) бақылау рәсімдерін, өрт-құтқару жасақтарын өрістетудің нормативтік уақыты қалай бақыланатынын және қамтамасыз етілетінін көрсететін рәсімдерін (АҚС-ның орналасуын, АҚС бойынша өрт сөндіру автомобильдерін бөлуді, бұрылыстардың ең аз саны бар ҰҚЖ-ға жолдар мен ең қысқа маршруттарды пайдалану, ҰҚЖ-ның белгіленген нүктелеріне өрт сөндіру автомобильдерінің қозғалыс сызбалары) қамтитын;

ҰІАҚҚҚ персоналы қосалқы міндеттерді орындау барысында өрт-құтқару жасақтарын өрістету мүмкіндігіне теріс әсер етпейтінін қамтамасыз ететін рәсімдерді қамтитын, құтқару және өрт сөндіру рәсімдері;

құтқару қызметтері жұмыс істейтін ауданда күрделі жағдайларға арналған (су айдындары, сулы-батпақты жерлер немесе кәдімгі доңғалақты жүрісте көлік құралдарын қолдану мүмкін болмайтын басқа да жету қиын жерлер болған кезде қосымша мамандандырылған жабдық қажет ететін) авариялық-құтқару жабдығы, бұл әсіресе қону/ұшу учаскесінің едәуір бөлігі осы аудандардың үстінен өтетін жағдайларда өте маңызды;

басқа ұйымдар ұсынатын авариялық жабдықтар, авариялық жабдықты беру тәртібі мен негіздерінің сипаттамасын қоса алғанда, сондай-ақ мұндай жабдықпен қамтамасыз етілмеген жағдайда жоспарлардың болуы;

ҰІАҚҚҚ персоналының кәсіби даярлығын қамтамасыз ету процесін сипаттайтын ережелер келтірілген ҰІАҚҚҚ персоналының біліктілігі, оның ішінде жанармай тұтану жағдайындағы, жоғары температурада және түтін болған кезде тыныс алу аппараттарын пайдалану жағдайындағы практикалық жаттығулар, алғашқы медициналық көмек көрсету, шектеулі көріну жағдайындағы (LVP) апаттық рәсімдер, персоналды тыныс алу жолдарын қорғау және дербес қорғаныс құралдарын пайдалануды үйрету кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидаттары;

әуеайлақтан (тікұшақ айлағынан) тыс авиациялық оқиғалар орындарына қол жеткізу, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жақын маңындағы авиациялық оқиғалар орындарына жетуіқалай қамтамасыз етілетінін көрсететін рәсімдерінің, соның ішінде айналадағы жердің күрделі рельефі жағдайында, мұндай жерлерге қол жетуінің сипаттамасы;

өрт қауіпсіздігі қызметтерін ұсыну, әуеайлақты (тікұшақ айлағында) пайдаланушы әуеайлақта (тікұшақ айлағында) және әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) жақын орналасқан объектілердегі өрттерге ҰІАҚҚҚ қызметінің ден қоюын көздейтін немесе бөгде ұйымдар мен әуежайдың қызметтеріне өртке қарсы қызметтердің арнайы түрлерін ұсынатын жағдайларда, соның ішінде әуеайлақта (тікұшақ айлағында) ұшуларды үздіксіз және қауіпсіз орындау үшін әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) ӨҚТД бойынша қажетті санатын қамтамасыз ету рәсімінің сипаттамасы;

ӨҚТД бойынша әуеайлақ (тікұшақ айлағы) санатын төмендету және оны авиациялық оқиғалар кезінде қалпына келтіру рәсімі, әуеайлақтан (тікұшақ айлағында) тыс жерде болған авиациялық оқиғаға өрт-құтқару жасақтары шыққан жағдайда ұшуды үздіксіз қамтамасыз ету үшін әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) ӨҚТД қажетті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі рәсімнің сипаттамасы;

су қоры, өрт сөндіру көліктерін сумен қайта толтыру үшін су көздерінің (су айдындары мен гидранттардың) жай-күйі мен болуы (орналасу схемалары, мерзімді тексеру рәсімдері);

шектеулі көріну жағдайындағы апаттық рәсімдер;

ҮІАҚҚҚ шығыс материалдарын пайдалану және толықтыру саясаты мен рәсімдері келтіріледі;

5) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңын инспекциялау, әуеайлақтың ( тікұшақ айлағының) жұмыс алаңы мен кедергілерді шектеу беттерінің инспекциялық тексерулерін (жедел тексерулер, 1-деңгейдегі бақылау тексерулері) жүргізу рәсімдерінің сипаттамасы келтіріледі;

әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңына инспекциялық тексеру жүргізу тәртібі, жасанды жабындарды, олардың жай-күйін, оларда бөгде заттардың болуын, ұшу жолағының шөп жамылғысының жай-күйін, ұшу жолағында және әуеайлақ ( тікұшақ айлағы) маңында есепке алынбаған кедергілердің болуын қоса алғанда, 1-деңгейдегі әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңын инспекциялық тексеру оларды жүргізу тәртібі, кезеңділігі, инспекциялық тексеру жүргізудің бақылау тізбесін қолдану сипатталады;

әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңын жоспардан тыс инспекциялау, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңында қозғалтқыштың істен шығуына, пневматиктің немесе дөңгелектің бұзылуына немесе одан кейін қауіп төндіретін бөгде заттардың сынықтары қалуы мүмкін кез келген басқа оқиғаға байланысты ұшып көтерілу тоқтатылғаннан кейін бөгде заттардың сынықтарының болуы туралы хабарламаларды алған кезде перрон, ҰҚЖ және РЖ инспекцияларының тәртібін сипаттау келтіріледі;

ҰҚЖ және РЖ жай-күйін оларда ластауыштар болған кезде бағалау, хабарламаларды дайындау және тарату, ластауыштың түрін, ластауышпен жабылған алаңын, борпылдақ ластауыштар қабатының қалыңдығын, ҰҚЖ жай-күйінің кодын айқындау, үйкеліс коэффициентін өлшеу;

әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңдарын тексеру кезінде әуе қозғалысын басқару органдарымен өзара әрекеттесу және қажетті байланыс құралдары;

инспекциялардың нәтижелері туралы деректерді ұсыну және тиісті шаралар қабылдау, жасанды жабындарды тазалауды, жұмыс алаңының учаскелеріне жөндеу жүргізуді, шөп шабуды, жарық сигнал беру жабдығының ақауларын жоюды, есепке алынбаған кедергілерді жоюды, сондай-ақ қажет болған жағдайда жұмыс алаңының

жекелеген учаскелерін жабуды және пайдалануды тоқтатуды қоса алғанда, тиісті шаралар қабылдау үшін әуеайлақта (тікұшақ айлағында) анықталған кемшіліктер туралы ақпаратты барлық мүдделі қызметтер мен ұйымдарға жеткізу туралы рәсімдер;

инспекция нәтижелерін тіркеу тәртібі, жұмыс алаңын инспекциялау нәтижелерін тіркеу тәртібіне және ұшу алаңының жай-күйі журналында анықталған қауіпті жағдайларды жоюға бағытталған қабылданған шараларды тіркеуге, осы журналдың сақтау орнын сипаттауға қатысты ережелер келтіріледі;

жұмыс алаңын тексеруге жауапты лауазымды тұлғалардың тізімі, әуеайлақтың ( тікұшақ айлағының) жұмыс алаңын инспекциялауды орындауға, жұмыс алаңының пайдалануға жарамдылығы туралы шешім қабылдауға жауапты әуеайлақ қызметінің лауазымды адамдарының тізімі, лауазымды адамдар деректерінің негізгі функцияларының сипаттамасы, байланыс үшін байланыс деректері келтіріледі;

6) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңдарына техникалық қызмет көрсету (жөндеу), мыналарды қоса алғанда:

ҰҚЖ үйкеліс сипаттамаларын бағалауды қоса алғанда жасанды жабыны бар әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңдарына техникалық қызмет көрсету түрлері мен кезеңділігі, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын құралдар;

жасанды жабыны жоқ ҰҚЖ, РЖ техникалық қызмет көрсету түрлері мен кезеңділігі (бар болса), сондай-ақ техникалық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын құралдар;

ұшу жолақтарына, рөлдеу жолдарының жолақтарына соңғы қауіпсіздік аймағына ( СҚБ) және кедергілерден еркін жолақтарға техникалық қызмет көрсету түрлері мен кезеңділігі, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын құралдар;

дренаж жүйесіне техникалық қызмет көрсету, әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) дренаж жүйесінің сипаттамасы, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) дренаж жүйесіне техникалық қызмет көрсетудің түрлері, тәртібі мен кезеңділігі, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын құралдар;

әуеайлақ (тікұшақ айлағы) объектілерінің істен шығу немесе қауіпті жағдайлар туындаған жағдайда деректерді ұсыну және іс-қимыл жасау, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдалану жай-күйі, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңының бөліктері мен объектілерін пайдаланудан уақытша шығару туралы ақпаратты таратуға, оның ішінде ЖҰҚЖ, РЖ, перрон, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу үшін тұрақ орындарын жабуға немесе қауіпті жағдайлардың туындауына (ақаулардың, уақытша кедергілердің болуы) қатысты ережелер келтіріледі;

7) қар мен мұздан және қауіпті метеорологиялық жағдайлардан қорғау, қар мен мұздың әсеріне ұшыраған әуеайлақтарда (тікұшақ айлақтарында) пайдалану жарамдылығын сақтау рәсімдерінің сипаттамасы келтіріледі, сондай-ақ осы өңірге тән

қауіпті метеорологиялық құбылыстар (қатты жел, найзағай, шаңды дауыл, төмен және жоғары температура, төмен көріну жағдайлары) кезіндегі қызметтің және қолданылатын шаралардың сипаттамасы келтіріледі;

қар мен мұзданумен күресу жоспары, пайдаланылатын құралдар мен рәсімдерді қамтитын, сондай-ақ ҰҚЖ-ның және әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңының өзге де бөліктерінің жабылуына және кейіннен ашылуына байланысты міндеттер мен өлшем шарттарды айқындайтын қар мен мұздануға қарсы күрес жоспарының сипаттамасы келтіріледі. Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы мен әуе қозғалысына қызмет көрсету органы (бұдан әрі - ӘҚҚ) арасында қар мен мұзды жою жөніндегі іс-қимылдарды үйлестірудің сипаттамасы келтіріледі;

әуеайлақта (тікұшақ айлағында) орын алуы мүмкін қауіпті метеорологиялық құбылыстар жағдайына іс-қимылдар, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) белгілі бір аймаққа тән қауіпті метеорологиялық құбылыстар кезінде (мысалы, найзағай, қатты жер бетіндегі желдер мен дауылдар, құмды дауылдар) қабылданатын іс-қимылдардың сипаттамасы келтіріледі, оның ішінде осы ақпаратты тарату және әуежай мен әуеайлақта (тікұшақ айлағында) жұмыс істейтін бөгде ұйымдар персоналының осы іс-әрекеттердің орындалуын бақылау, уақытша тоқтатуға байланысты өлшемшарттардың сипаттамасы келтіріледі ҰҚЖ пайдалану және әуеайлақта (тікұшақ айлағында) белгілі бір жұмыстарды орындау, сондай-ақ осындай шешімдер қабылдауға жауапты лауазымды тұлғалар;

метеорологиялық қызмет көрсетушімен іс-қимылды үйлестіру, қолда бар келісімдер (шарттар) негізінде кез келген күрделі метеорологиялық жағдайлар туралы ақпарат алу мақсатында әуежай персоналының метеорологиялық қызмет көрсетушімен іс-қимылын үйлестірудің сипаттамасы келтіріледі;

8) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) көрнекі құралдар және электрмен жабдықтау, аэронавигациялық оттарды (кедергілерді жарықпен қоршауды қоса алғанда), белгілерді , маркерлерді және электр қондырғыларын тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету рәсімдері туралы ақпарат келтіріледі;

жер үсті оттарының жүйесін пайдалану жөніндегі міндеттерді бөлудің сипаттамасы келтіріледі;

жарық сигнал беру жүйесін пайдалану, жарық сигнал беру жүйесінің жарықтығын орнату, шектеулі көріну жағдайларында жұмыс рәсімдерін енгізу кезінде жарық сигнал беру жүйесін пайдалану рәсімдерінің сипаттамасы келтіріледі;

резервтік және апаттық электр көздері, қолданыстағы резервтік және апаттық электрмен жабдықтау көздерінің сипаттамасы, ауысу уақыты, сондай-ақ негізгі электрмен жабдықтау көздерінің істен шығуы кезіндегі пайдалану рәсімдері, электрмен жабдықтау жүйесінің ішінара немесе жалпы істен шығуын жою әдістері келтіріледі;

тексерулер жүргізу тәртібі, электр қондырғылары мен жарық сигналдық жабдықтардың жай-күйіне тексеру (техникалық бақылау) жүргізу рәсімдерінің

сипаттамасы және тексерулердің бақылау тізбелері, оның ішінде әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) санатталған минимумы сақталатын жарық сигналдық жабдықтың тән істен шығулары келтіріледі, тексерулерге шамдардың фотометриялық өнімділігі, қарқындылықты өлшеу, сәуленің дивергенция бұрышы және шамдардың бағыты кіреді ;

тексеру нәтижелерін тіркеу және шаралар қабылдау, тексеру нәтижелерін тіркеу тәртібінің сипаттамасы және анықталған қауіпті жағдайларды жоюға бағытталған тиісті шаралар қабылдау келтіріледі;

кедергілерді жарықпен қоршау, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) аумағында және одан тыс жерлерде кедергілерді жарықпен қоршау үшін жауапкершілік пен орналастырудың сипаттамасы, кедергілерді жарықпен қоршауға техникалық қызмет көрсетуге қатысты ережелер келтіріледі;

апаттық жағдайларды қоса алғанда техникалық қызмет көрсетуді жүргізу тәртібінің сипаттамасы келтіріледі;

траншеялар төсеу және жер жұмыстарын қоса алғанда жарық сигнал беру жабдығының жұмысына әсер етуі мүмкін әуеайлақта (тікұшақ айлағында) және одан тыс жерлерде жүргізілетін жұмыстарды бақылау;

от жүйелерін тексеруге және техникалық қызмет көрсетуге жауапты лауазымды тұлғалардың тізімі және олардың функциялары, сондай-ақ осы тұлғалармен байланысу үшін олардың телефон нөмірлері;

9) әуеайлақта (тікұшақ айлағында), әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңында және оның маңында құрылыс және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, оның ішінде кедергілерді шектеу бетінен жоғары орындалатын жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету, оның ішінде:

жұмыс жүргізу кезінде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін процессі, келесі элементтерді қамтитын процестердің сипаттамасы келтіріледі: жұмыстарды жоспарлау рәсімдері; орындалатын операциялар немесе пайдаланылатын жүйелер үшін жоспарланатын өзгерістердің қауіпсіздігін бағалау рәсімі; жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру рәсімі; жүргізілетін жұмыстарға қатысты ақпаратты тарату рәсімі; жұмыстарды жүргізу орнын белгілеу және әуе кемелерінің операцияларын қайта бастау рәсімі; бақылау, жұмыстарды қадағалау және басқару рәсімі;

әуеайлақта (тікұшақ айлағында) жұмыстар жүргізу кезінде ӘҚҚ органдарымен байланыс;

осындай жұмыстарды жоспарлауға және орындауға жауапты лауазымды тұлғалар мен ұйымдар (ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың тізімі және олардың функциялары, байланыс деректері), сондай-ақ осы тұлғалармен және ұйымдармен тұрақты байланысты қамтамасыз ету туралы ақпарат;

әуеайлақта/тікұшақ айлағында жұмыстар жүргізілгені туралы хабардар болуға тиіс лауазымды тұлғалар мен ұйымдар (жұмыстардың жүргізілгені туралы хабардар болуға тиіс әуеайлақта (тікұшақ айлағында) тұрақты орналасқан пайдаланушылармен, жерүсті қызметтерімен және әуе кемелерін пайдаланушыларымен жұмыс және жұмыс уақытынан тыс уақытта байланысу үшін лауазымды тұлғалардың тізімі, олардың байланыс деректері);

10) перрондағы қызметті ұйымдастыру;

ӘҚҚ органдары мен перрондағы қызметті ұйымдастырумен айналысатын қызметтер арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі;

әуе кемелерінің тұрақ орындарын бөлу тәртібі;

қозғалтқыштарды іске қосу және әуе кемелерін сүйретуге рұқсат беруді қамтамасыз ету, қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету тәртібі;

тұраққа ӘК орнатуға сигнал беруге жауапты қызметті;

әуе кемесін басқаруға жауапты қызмет;

11) перрондағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде:

әуе кемесі қозғалтқыштарының реактивті ағынының әсерінен қорғау шаралары мен рәсімдері;

әуе кемелеріне отын құю кезіндегі қауіпсіздік шаралары (жерге тұйықтау, электрондық құрылғыларды қолдану, бортта жолаушылармен жанармай құю, алғашқы өрт сөндіру құралдары, авиаЖЖМ төгілуі, ӘК құю кезінде жабдықтарды орналастыру);

перронды тазалау және тазалау тәртібі;

жерге қызмет көрсету құралдарын орнату орындарын таңбалау;

перрондағы өрт сөндіру құралдарының орналасуы және оларды тексеру тәртібі;

телескопиялық траппен қазіргі заманғы визуалды қондыру жүйелерін пайдалануға қатысты ережелер (егер олар қамтамасыз етілсе);

перрондағы оқиғалар мен оқиғалар туралы хабарламаларды (ақпаратты) беру тәртібі;

перрондағы қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуді тексеруді ұйымдастыру тәртібі, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысы тарапынан перронда жұмыс істейтін барлық персоналдың (оның ішінде бөгде ұйымдардың) перронда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтауына бағытталған жүргізілетін тексерулердің сипаттамасы келтіріледі;

12) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысы белгілеген әуеайлақтың ( тікұшақ айлағының) жұмыс алаңында көлік құралдарын басқару рәсімдері, оның ішінде :

әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысы әзірлеген әуеайлақтағы көлік құралдарының қозғалыс қағидалары, жылдамдықты шектеу және Қағидалардың, қозғалыс схемаларының сақталуын бақылау әдістері;

әуеайлақта (тікұшақ айлағында) көлік құралын басқару құқығына талондар беру жүйесі, ҰҚЖ-ға және маневр жасау алаңының учаскелеріне, сондай-ақ перрондар мен өнеркәсіптік аймақтарға бөле отырып, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңында жүргізушілерге көлік құралдарын басқаруға рұқсат беру әдістері мен өлшемшарттарының сипаттамасы келтіріледі;

ӘҚҚ органымен байланысты қамтамасыз етуге қатысты ережелер мен құралдар;

әуеайлақта (тікұшақ айлағында) пайдаланылатын көлік құралдарына қойылатын қажетті жарақтар мен талаптардың сипаттамасы;

13) құстар мен өзге де жануралар тудыратын қауіптерді басқару жұмыстарын ұйымдастыру, соның ішінде:

құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіпті бағалау жөніндегі іс-шаралар;

құстар мен өзге де жануарларды қорқытуға қатысты ережелер мен әдістер;

құстар мен өзге де жануарлар тудыратын қауіптерге қарсы күрес жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар;

жабайы табиғатты бақылауға жауапты лауазымды тұлғалар, онда жабайы табиғатты бақылауға жауапты лауазымды тұлғалардың тізімі, олардың функцияларының сипаттамасы, жұмыс және жұмыс уақытынан тыс байланыс үшін байланыс деректері келтіріледі;

14) кедергілерді мониторингілеу және бақылау, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының кедергілерді мониторингілеу, есепке алу және жою жөніндегі рәсімдері туралы мәліметтер келтіріледі, соның ішінді;

кедергілерді шектеу беттерін және А типті әуеайлақтық кедергілер картасын бақылауды ұйымдастыру, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) және әуеайлақ (тікұшақ айлағы) маңы аумағында белгіленген кедергілерді шектеу беттерінің шегінде, сондай-ақ А типті карта шегінде объектілерді мониторингтеу рәсімдерінің сипаттамасы , мониторингті орындауға жауапты лауазымды адамдардың тізімі;

сыни кедергілерді анықтау үшін кедергілерді шектеу беттерінің шекаралары шегінде ғимараттардың немесе конструкциялардың биіктігін мониторингілеу және бақылау тәртібі;

әуеайлақ (тікұшақ айлағының) маңындағы жаңа құрылысқа бақылау жүргізу тәртібі (комиссия құру);

рұқсат берілімеген кедергілер пайда болған жағдайда қабылданатын іс-әрекеттер және хабарлау рәсімі;

кедергілерді жоюға қатысты ережелер;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымды және тиісті қызметтерді кедергілердің сипаты мен орналасқан жері туралы, сондай-ақ қажетті шараларды қабылдау және AIP жинақтарына өзгерістер енгізу үшін кедергілердің кез келген кейіннен пайда болуы немесе жойылуы туралы хабардар ету тәртібі;

15) авариялық жағдайда қозғалу қабілетін жоғалтқан әуе кемелерін алып тастау, жұмыс алаңында қозғалу қабілетін жоғалтқан немесе оған тікелей жақын орналасқан әуе кемелерін алып тастау, соның ішінде:

апаттық қону кезінде әуе кемелерін алып тастау жоспары;

әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының және әуе кемесін пайдаланушының функциялары;

әуе кемесін пайдаланушыны хабардар ету тәртібі;

әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі;

қозғалу қабілетін жоғалтқан әуе кемесін алып тастау үшін жабдықты алу және персоналды тарту тәртібі;

16) қауіпті материалдармен жұмыс, қауіпті материалдармен қауіпсіз жұмыс істеу және оларды сақтау рәсімдері, соның ішінде:

қауіпті материалдарды сақтау орындары, әуеайлақта (тікұшақ айлағында) тез тұтанатын сұйықтықтарды (авиациялық отынды қоса алғанда) және кез келген басқа да қауіпті материалдарды сақтауға арналған арнайы аймақтарды ұйымдастыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі;

қауіпті материалдарды жеткізу, сақтау, өңдеу тәсілдері;

17) көру мүмкіндігі шектеулі жағдайларда әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалану , соның ішінде:

әуеайлақта (тікұшақ айлағында) шектеулі көріну шарттары туралы хабарлау тәртібі, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңында қызметті жүзеге асыруға қатысатын барлық пайдалану персоналын хабардар ету рәсімінің сипаттамасы келтіріледі;

ҰҚЖ көріну қашықтығының (RVR) мәндерін қоса алғанда, метеорологиялық ақпаратты алу және тарату, ҰҚЖ-дағы көріну қашықтығын өлшеуге жауапты лауазымды тұлғалардың тізімі және жұмыс және жұмыс уақытынан тыс уақытта байланыс үшін олардың байланыс деректері келтіріледі;

көру мүмкіндігі шектеулі жағдайларда жұмыс рәсімдерін жариялау кезінде ҰҚЖ-н қорғау (егер мұндай жағдайларда ұшуларға рұқсат етілсе), ҰҚЖ-н қорғау үшін ҰҚЖ-на рұқсатсыз шығу, жұмыстарды тоқтату рәсімдерінің сипаттамасы және ҰҚЖ-дағы операцияларды бақылау тәртібі келтіріледі;

көру мүмкіндігі шектеулі жағдайында пайдалану тәртібі мен қағидалары, жұмыс алаңында көлік құралдары мен персоналды пайдаланудың қолданылатын қағидаларын қоса алғанда, шектеулі көріну жағдайларында ұшуды орындағанға дейін, ұшу процесінде және одан кейін пайдалану рәсімдері мен қағидаларының, сондай-ақ шектеулі көріну жағдайларында ұшу кезінде әуеайлақтық электр және навигациялық жүйелердің жанында техникалық қызмет көрсету бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізуді шектеу жөніндегі рәсімдердің сипаттамасы келтіріледі;

18) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) орнатылған радиолокациялық, навигациялық және метеорологиялық құралдардың орналасқан жерлерін кедергілерден қорғау, соның ішінде:

радиолокациялық, навигациялық құралдар мен метеорологиялық жабдықтар орналасқан жерлердің маңындағы қызметті бақылауды ұйымдастыру тәртібі;

радиолокациялық, радионавигациялық құралдар мен метеорологиялық жабдықтар орнату маңында және орындарында жүргізілетін жерүсті техникалық қызмет көрсету тәртібі;

радиолокациялық, радионавигациялық құралдарды орналастыру туралы, сондай-ақ қауіпті микротолқынды сәулелену туралы ескертетін белгілерді орнату тәртібі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Нұсқаулықта ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі сипатталған, оның ішінде:

1) ҰҚБЖ құжат айналымын бақылау;

2) ҰҚБЖ -не қойылатын нормативтік талаптар;

3) авиациялық жүйенің сипаттамасы (ҰҚБЖ қызметінің саласы) және ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесінің интеграциясы;

4) ұшу қауіпсіздігі саясаты;

5) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары;

6) ұшу қауіпсіздігі және жетекші қызметкерлер үшін жауапкершілік;

7) ұшу қауіпсіздігі туралы мәліметтерді ұсыну және түзету әрекеттері;

8) қауіпті факторларды анықтау және қауіп факторларын бағалау;

9) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін мониторингілеу және өлшеу;

10) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тергеу және түзету іс-әрекеттері;

11) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ақпарат дайындау және алмасу;

12) ҰҚБЖ -н тұрақты жетілдіру және тексеру;

13) ҰҚБЖ-нің құжаттамасын жүргізу;

14) Өзгерістердің жүзеге асырылуын бақылау.

40. Егер қандай да бір мәліметтер осы әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) қолданылмауы салдарынан Нұсқаулыққа енгізілмесе, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы Нұсқаулықтың тиісті бөлімінде оның орын алу себебін көрсетеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 5-тарау. Сертификаттық зерттеп-қарауды жүргізу және сертификат беру тәртібі

41. Комиссия сертификаттық зерттеп-қарау кезінде сертификаттық зерттеп-қарау жүргізу жеріне барады және:

1) әуеайлақ (тікұшақ айлағының) объектілерінің, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) геометриялық, физикалық сипаттамаларының және оның жабдықтарының Нұсқаулыққа және сертификаттау талаптарына сәйкестігін;

2) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалану рәсімдерін (әуеайлақты/тікұшақ айлағын пайдалануға дайын күйде дайындығында ұстау бойынша жүргізілген жұмыстардың толықтығы);

3) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқару жүйесін (пайдаланушының әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттау талаптарына сай келетін күйде ұстау мүмкіндігін бағалау);

4) ұйымдық құрылымды, штаттың жинақталуы және азаматтық авиация ұйымының (өтініш берушінің) басқару негізгі қағидаттарын;

5) ұйымдастыруда және азаматтық авиация ұйымының қызметін қамтамасыз етуде басшылық құрамның, сондай-ақ тікелей ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуімен байланысты мамандардың тәжірибесін;

6) өтініш берушінің басқа ұйымдармен тиісті арнайы жабдықтарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және бақылау құқығына жасасқан өзара іс-қимыл жасау шарттарының болуын, сондай-ақ авиация персоналын оқытуын;

7) функционалдық міндеттерді қамтамасыз ету үшін өндірістік алаңдардың санының жеткілікті болуын;

8) пайдалану техникалық құжаттардың болуын;

9) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) объектілерінің, азаматтық авиация ұйымының өндіріс жабдықтары мен құралдарының техникалық сипаттамаларын (көрсеткіштерін), өтініш берушінің әуеайлақтың сертификаттау және пайдалану талаптарына сәйкестігін аталған әуеайлақта (тікұшақ айлағында) критикалық ұшаққа қызмет көрсету кезінде қамтамасыз ету қабілетін айқындауға мүмкіндік беретін өндірістік рәсімдерін қарастырады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Сертификаттық тексеруді жүргізу кезінде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушыға қойылатын сертификаттық талаптарға сәйкестігі анықталады.

Комиссия мүшелері әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының белгіленген сертификаттау талаптарына сәйкестігін авиациялық инспекторлары үшін уәкілетті ұйым әзірлеген және бекіткен нұсқаулық материал мен тексеру парақтарын (бақылау парақтарын) пайдалана отырып, сертификаттауды жүргізеді.

43. Сертификаттық тексеру мерзімі сертификаттық тексеру жүргізуге шешім қабылданған сәттен бастап он жұмыс күнін құрайды.

44. Сертификаттық тексеру осы Қағидаларға 1, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес сертификаттық талаптарға және сертификаттық тексерудің үлгі бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Үлгілік бағдарлама тексерудің көлемі мен элементтерін, олардың сертификаттау талаптарына сәйкестігін және сәйкессіздік деңгейлерін анықтайды.

45. Сертификаттық тексеру нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттық тексеру актісі әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) нақты жай-күйін, сертификат беру мүмкіндігі ( мүмкін еместігі) туралы тұжырымдамалар, ұсынымдар мен қорытындыларды көрсете отырып, екі данада жасалады. Сертификаттық тексеру актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және танысу үшін өтініш берушіге ұсынылады.

Сертификаттық тексеру кезінде анықталған сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер: 1-деңгей, 2-деңгей және 3-деңгей болып үш деңгейге бөлінеді.

1-деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

2-деңгейге азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісілген мерзімдерде жойылған немесе шектеулер енгізілген жағдайда қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

3-деңгейге қызметті жүзеге асыруға кедергі келтірмейтін және өндірісті жетілдіру кезінде ол жойылуға тиіс сертификаттау талаптарына сәйкессіздік жатады.

46. 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктері негізге алына отырып, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өтініш берушінің қабілетсіздігімен сипатталады.

1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік кезінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым сертификат (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлік) беруден бас тартады не өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойған кезге дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сертификаттың (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктің) қолданысын шектейді.

2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған сәттен бастап үш айдан аспайтын мерзімге келіседі.

Егер қолайсыз ауа райы жағдайлары, эпидемиологиялық жағдай, құрылыс жұмыстарын жүргізу, сатып алуды жүзеге асыру сияқты объективті себептер болса, үш ай ішінде сәйкессіздікті жоюға уақытша кедергі келтіретін болса, анықталған сәйкессіздікті жою үшін уәкілетті ұйым неғұрлым ұзақ мерзімге келісуі мүмкін. Бұл ретте өтініш беруші ұшу қауіпсіздігі белгіленгенге баламалы деңгейін қамтамасыз ететін қосымша шаралар қабылдайды.

Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық зерттеп-қарау нәтижелерімен танысқан сәттен бастап он жұмыс күні ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға ұсынады;

2) анықталған сәйкессіздікті жою бойынша өтініш беруші ұсынған шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын келіседі не оны негіздемемен пысықтауға қайтарады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Уәкілетті ұйым ұсынылған дәлелді құжаттамаларды тексеру және/немесе қажет болған жағдайда жоспардан тыс тексеру жүргізу арқылы әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының түзету іс-әрекеттер жоспарын ұсынуын және (немесе) жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс- әрекеттернің орындалуын бақылайды.

Егер әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы түзету іс-қимылдарының жарамды жоспарын ұсынбаса немесе уәкілетті ұйым белгілеген мерзімдерде түзету іс-әрекеттерін орындамаса, 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздікке айналады және уәкілетті ұйым сертификат беруден бас тартады, бұрын берілген сертификатты кері қайтарып алады, тоқтата тұрады немесе Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіпте сертификаттың жарамдылық аясын шектейді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Сертификатты беру мүмкіндігі туралы қорытынды қамтылған сертификаттық тексеру актісі сертификат беру үшін негіз болып табылады.

49. Сертификатты ресімдеу және беру мерзімі сертификаттық тексеру актісі жасалғаннан кейін он жұмыс күнін құрайды.

Сертификат беруден бас тарту туралы шешім қабылданған кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым сертификат береді немесе сертификат беруден дәлелді бас тартады.

50. Сертификат немесе жазбаша дәлелді бас тартуды уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

51. Сертификат беруден бас тарту үшін негіздемелер мыналар болып табылады:

1) өтініш берушінің сертификат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) өтініш берушінің және (немесе) сертификат беру үшін қажетті, ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Заңның 64-бабы 1-тармағында белгіленген талаптарға, әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына және сертификаттық талаптарға сәйкес келмеуі;

3) оның негізінде өтініш беруші жарамдылық сертификатын алумен байланысты арнайы құқығынан айырылған өтініш берушіге қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін , "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

52. Сертификатты беруден бас тартқан кезде өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетіліп, дәлелді жауап беріледі.

53. Уәкілетті ұйым мынадай жағдайларда сертификаттың қолданылуын алты айға дейін тоқтата тұрады немесе шектейді:

1) 1-деңгейге қатысты сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер мен бұзушылықтарды анықталғанда;

2) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының өтінімі бойынша.

Уәкілетті ұйым жоғарыда көрсетілген жағдайлар анықталған (табылған) кезден бастап сертификаттың қолданылуын тоқтата тұрады.

Анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан және уәкілетті ұйымға растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін сертификаттың қолданылуын қалпына келтіруді уәкілетті ұйым осы Қағидалардың 7, 8-қосымшаларында келтірілген сертификаттық зерттеп-қараудың үлгілік бағдарламаларға сәйкес сертификаттау талаптарына сәйкессіздік анықталған ауқымда да, сондай-ақ бүкіл сертификаттау ауқымында да жүргізуге жол берілген сертификаттық зерттеп-қараудан кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Егер әуеайлақты (тікұшақ айлығын) пайдаланушы тоқтата тұру негіздемесінің анықталған сәйкессіздіктерін жоймаса, уәкілетті ұйым сертификатты қайтарып алады.

55. Сертификат қайтарып алынған жағдайда ол осы Қағидаларда көзделген тәртіппен қайтадан сертифкаттау жүргізілгеннен кейін беріледі.

56. Сертификаттың қолданысын тоқтата тұрған немесе кері қайтарылып алынған жағдайда, уәкілетті ұйым шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сертификаттың иесіне қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Сертификаттың күшін жою әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысы сертификаттың қолданылуын тоқтата тұру немесе сертификаттың күшін жою туралы хабарлама алған кезден бастап күшіне енеді.

Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысы хабарламаны алған күні уәкілетті ұйымға хабарламаны алғаны туралы хабарлайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған уәкілетті ұйымға, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған уәкілетті ұйым, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған уәкілетті ұйым, лауазымды адам егер үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

57-тармақтың төртінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25 -бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

58. Жекелеген жағдайларда, уәкілетті ұйымның келісімі бойынша, егер мұндай шегіністер нақты жағдайға байланысты ұшу қауіпсіздігі үшін Заңның 66-бабының 10 тармағына сәйкес тәуекелдерді бағалаумен және/немесе аэронавигациялық зерттеулермен расталса, сертификаттау талаптарынан уақытша шегінуге (алып тастауға ) жол беріледі.

Ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді бағалауды немесе аэронавигациялық зерттеуді әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысы қосымша баламалы шараларын енгізу жолымен белгіленген баламалы ұшу қауіпсіздігі деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігін көрсету үшін орындайды.

Егер әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы туындаған ауытқулар туралы өтініш берген кезде уәкілетті ұйымға сертификаттау талаптарынан ауытқу себептерін және оларды арыз беру сәтінде жою мүмкін еместігін негіздемесін ұсынғанда алып тастауға жол беріледі.

59. Осы Қағидалардың 69-тармағында тізбесі берілген әуеайлақта (тікұшақ айлағында) ұшу қауіпсіздігінің баламалы деңгейін (бұдан әрі – ҰҚБД) әзірлеу және өзгерістерді жоспарлау кезінде әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының қолданыстағы ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі шеңберінде ұшу қауіпсіздігін бағалау жүргізіледі, оның барысында мынадай рәсімдер орындалады:

1) ұшу қауіпсіздігі саласындағы проблема айқындалады және нормалардың сақталуын бағалау жүргізіледі;

2) ұшу қауіпсіздігі үшін қауіп факторлары айқындалады, оларға талдау жүргізіледі;

3) тәуекелді бағалау жүргізіледі және ұшу қауіпсіздігінің баламалы деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелді төмендету шаралары әзірленеді;

4) осы шараларды іске асыру жөніндегі жоспар әзірленеді.

Ұшу қауіпсіздігін бағалау уәкілетті ұйым әзірлейтін және бекітетін нұсқаулық материалдарға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. ҰҚБД-н қамтамасыз ету және әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) өзгерістерді жоспарлау мақсатында ұшу қауіпсіздігін бағалауды жүргізу үшін әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушыға тиісті ғылыми-зерттеу және/немесе өзге де құзыретті ұйымдарды жалдауға жол беріледі. Бағалау жүргізу кезінде уәкілетті ұйыммен кеңесу қажет.

Ұшу қауіпсіздігін бағалау құжатталады, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысы қол қояды және ол енгізілгенге дейін уәкілетті ұйымның қарауына жіберіледі.

Ескерту. 60-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Уәкілетті ұйым:

1) барлық мүдделі тараптармен келісудің болуын белгіленуі;

2) тәуекел түрін анықтау және бағалау үшін құжаттық материалдардың болуын анықтауы (мысалы, физикалық құбылыстарды немесе адам факторының аспектілерін зерттеу, алдыңғы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді талдау);

3) тәуекелді тиісінше көрсететін тәуекелді төмендету бойынша ұсынылатын шаралардың болуын белгіленуі;

4) енгізудің қолайлы жоспарланатын мерзімдерінің болуын белгілеу арқылы жүзеге асырылылуы үшін ұшу қауіпсіздігін бағалауға талдау жүргізеді.

62. ҰҚБД қамтамасыз ету және әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) өзгерістерді жоспарлау үшін ұшу қауіпсіздігін бағалауды талдау аяқталғаннан кейін уәкілетті ұйым:

1) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысын ұшу қауіпсіздігін бағалаудың қабылданғаны туралы хабардар етеді;

2) егер тәуекелдің кейбір түрлері толық көлемде бағаланбаса немесе анықталмаса, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысымен ұшу қауіпсіздігін бағалаудың қолайлылығына қатысты келісімге қол жеткізу бойынша өз іс-әрекеттерін үйлестіреді;

3) егер келісімге қол жеткізу мүмкін болмаса, әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы бағалау рәсімін ықтимал қайта ұсынуды ескере отырып, ұсынысты қабылдамайды;

4) немесе ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шектеу шараларын белгілей алады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Ұшу қауіпсіздігін бағалау қабылданғаннан кейін ҰҚБД-н енгізу немесе осы әуеайлақта (тікұшақ айлағында) жоспарланатын өзгерістер туралы ақпарат әуеайлақ ( тікұшақ айлағы) бойынша басшылыққа енгізіледі, сондай-ақ ҰҚБД-не сипатына және әуеайлақта (тікұшақ айлағында) жоспарланатын өзгерістерге байланысты іс-шаралары туралы ақпарат мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі, оның ішінде егер қамтамасыз ету қағидаларында азаматтық авиациядағы аэронавигациялық ақпарат, аэронавигациялық ақпараттың біріктірілген пакетінің элементтері немесе әуеайлақ ауданындағы ақпаратты автоматты беру қызметі (ATIS) арқылы жарияланады.

64. Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы ұшу қауіпсіздігінің нақты бағалауын, оның кейіннен жаңартылуы мен түзетулерін қоса, бекітуге және енгізуге жауапты болады.

65. Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы мұндай ерекшеліктерді беру қажеттілігін жою мақсатында ерекшеліктерді үнемі қайта қарайды, сондай-ақ қолданылатын өтемдік шаралардың жарамдылығы мен сенімділігін тексереді.

66. Егер осы Қағидалардың ережелері эпидемиологиялық ахуалдың, дүлей зілзалалардың, өңірдегі әлеуметтік шиеленістің, төтенше жағдайдың, төтенше ережелердің, авиациялық инспекторлардың шығуына, жүріп-тұруына немесе өмірі мен денсаулығына кедергі келтіретін шектеулердің немесе салдарлардың салдарынан орындау мүмкін болмаса, онда уәкілетті ұйым қажеттілік туындаған жағдайда әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысына уақытша босатуды ұсынады, жекелеген ережелерін орындаудан, авиациялық инспекторлардың осы қағидалардың ережелерін орындауы үшін қосымша уақыт қажеттілігін ескере отырып, туындаған шектеулер жойылғанға дейінгі кезеңге сертификаттық тексерусіз жарамдылық сертификатының қолданылу мерзімін ұзарту жолымен. Егер ұшу қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді бағалау немесе уәкілетті ұйым жүргізген талдау әуеайлақ (тікұшақ айлағы ) пайдаланушысының ұшу қауіпсіздігінің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету қабілетін растайтын болса, босатуды беруге жол беріледі.

Босату кезеңінде уәкілетті ұйым әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының сертификаттау талаптарын және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне қашықтықтан мониторингті жүзеге асырады.

67. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдаланушысына берілген ерекшелік немесе босату туралы ақпаратты уәкілетті ұйым аэронавигациялық ақпараттың біріктірілген пакетін жариялайды. Бұл ретте, егер босатуды ұсыну ИКАО стандарттарымен және ұсынылатын практикамен айырмашылыққа әкеп соқтырса, уәкілетті ұйым ИКАО-ға осындай айырмашылықтар туралы хабарлауды қамтамасыз етеді.

68. Азаматтық авиация ұйымының атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген және сертификаттау талаптарына және әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкес келмеуіне алып келмейтін басқа да өзгерістер болғанда сертификатқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

69. Уәкілетті ұйым тарапынан келісімді алу үшін сертификат иесі өзгерістер енгізілгенге дейін:

1) ұшу түрлерін;

2) қонуға кіру және ұшу шарттарын;

3) ұшу-қону жолақтарының, қонуға бет алу және ұшу аймақтарының (FATO), қону және көтерілу аймақтарының (TLOF) физикалық және геометриялық сипаттамаларын;

4) рөлдеу жолдарын, әуе кемелерінің тұрақ орындарын, перрондарын;

5) жарық сигналдық, электр жабдықтарын орнату, реконструкциялау немесе жаңғырту;

6) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатына өзгерістер енгізуді талап ететін, талап етілетін өрттен қорғау деңгейі бойынша ҰҚЖ санатындағы өзгерістерін;

7) бұрын уәкілетті ұйым белгілеген шектеулерді алып тастауын;

8) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) реконструкциялау, күрделі жөндеу сияқты үшінші тараптардың мердігерлік жұмыстарына байланысты ұзақ мерзімді өзгерістерін;

9) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) кодтық әріпінен жоғарырақ кодтық әріпті әуе кемелерінің операцияларына;

10) сертификаттың қолданылу аясындағы өзгерістерді растайтын құжаттарды уәкілетті ұйымға хабарламаны және өзгерістерді жібереді.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Осы Қағидалардың 69-тармағында көрсетілген өзгерістерге қатысты әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы қолданыстағы ҰҚБЖ элементі ретінде өзгерістерді басқару үдерісі шеңберінде қауіпті факторларды анықтау және әуеайлақты пайдалануға әсер ететін олардың қауіптілігін азайту шараларын әзірлеу мақсатында осы Қағидалардың 60, 61, 62, 63, 64-тармақтарының талаптарына сәйкес ұшу қауіпсіздігін бағалауды жүргізеді. Ұшу қауіпсіздігін бағалау уәкілетті ұйымға жіберіледі.

Уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттарды 10 жұмыс күні ішінде қарайды, қажет болған жағдайда әуеайлаққа (тікұшақ айлағына), пайдалану рәсімдеріне тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды. Қарау немесе жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша әуеайлақ (тікұшақ айлағын) пайдаланушысы ұсынған өзгерістерді уәкілетті ұйым келіседі және қажет болған жағдайда әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатына тиісті өзгерістер енгізіледі немесе егер әуеайлақ (тікұшақ айлағының) пайдаланушысы ұсынған өзгерістерді іске асыру кезіндегі шаралар сертификаттау талаптарына сәйкес келетін ұшу қауіпсіздігінің деңгейін қамтамасыз етпесе, қабылданбайды.

Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы өзгерістерді жүзеге асыру кезеңінде әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалану рәсімін уәкілетті ұйымға қарау үшін ұсынады .

Егер әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы уәкілетті ұйым тарапынан алдын ала келісуді талап ететін жоғарыда көрсетілген өзгерістерді мұндай келісімсіз жүзеге асырса, уәкілетті ұйымның Заңның 16-3-бабының 5-тармағына және 66-бабының 8-тармағына сәйкес жарамдылық сертификатының қолданылуын тоқтата тұруға, жарамдылық сертификатын қайтарып алуға немесе жарамдылық сертификатының қолданылуы шеңберінде жүзеге асырылатын әуеайлақ (тікұшақ айлағы) пайдаланушысының қызметіне тиісті шектеулер қоюға құқығы бар.

Техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, өндіріс көлемінің уақытша қысқаруынан туындаған инфрақұрылымның, техникалық құралдардың немесе қызметтің жұмыс деңгейінің уақытша төмендеуі әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатын жарамсыз етпейді және оған өзгерістер енгізуді талап етпейді.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Сертификат иесі өзгерістерді ескере отырып, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) объектісінің пайдалану сертификаттау талаптарына сәйкестігін белгілейді және өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйымның мақұлдауын алуға өтінім жібереді.

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдалану талаптарына сәйкестігін өзгерістерді ескере отырып белгілеу жөніндегі жұмысқа қажет болған жағдайда ғылыми-зерттеу немесе өзге де құзыретті ұйымдар жалданады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Өзгерістерге мақұлдау алу үшін өтінім уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда ұсынылады. Өтінімге сертификаттық құжаттардың өзгерістерге байланысты түзетулері қоса беріледі.

74. Берілген өтінім уәкілетті ұйымға түскен кезден бастап он жұмыс күн ішінде қаралады.

75. Уәкілетті ұйым өтінімді қараған соң және қажет болған жағдайда әуеайлақты тексереді, сертификаттың иесіне қарау нәтижелері туралы хабарлайды және қажет болған жағдайда әуеайлақтың сертификатына өзгеріс енгізеді.

Әуеайлақтарды
(тікұшақ айлақтарының)
жарамдылығын сертификаттау
және оларға сертификат беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

**ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ Серия АРД № _____**

20__ жылғы "__"______ берілді
20_ жылғы "_"__ дейін жарамды

1. Әуеайлақ (әуеайлақ атауы) ________________________________________
2. Әуеайлақтың орналасқан жері (әкімшілік және географиялық координаталары)_________________________________________________________
3. Әуеайлақтың иесі ________________________________________________
4. Әуеайлақтың пайдаланушысы ____________________________________
5. Әуеайлақтың сыныбы және ИКАО коды ___________________________

6. Әуеайлақта талап етілетін өрт қауіпсіздігі санаты __________________
7. Осы арқылы әуеайлақтың азаматтық әуеайлақтарды пайдалану талаптарына және жарамдылық нормаларына сәйкес келетіні куәландырылады. Осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын сертификатқа қосымшада қолданылу саласында көрсетілген ережелер мен шектеулерді ескере отырып, ұшуларды орындауға рұқсат етіледі.
8. Сертификатты беру үшін негіз: 20__ жылғы "______"
___________________ сертификаттық тексеру актісі
_______________________________________________________________
(сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса))

Әуеайлақтың жарамдылық
сертификатына қосымша
АРД сериясы
№_________

**ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

| № | Ұшу шарттары | Кіру түрі және қону бағыты | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| 5 | | | |
| № | Шектеулер | | |
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |

_________________________________________________________________
(сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса)

Әуеайлақтарды (тікұшақ
айлақтарынын) жарамдылығын
сертификаттау және оларға
сертификат беру қағидаларына
2-қосымша
нысан

**ТІКҰШАҚ АЙЛАҒЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ ВРД сериясы № _____**

20__ жылғы "__"______ берілді
20_ жылғы "_"__ дейін жарамды

1. Тікұшақ айлағы (атауы) _______________________________________
2. Тікұшақ айлағының орналасқан жері (әкімшілік және географиялық координаталары) ______________________________________________

3. Тікұшақ айлағының орналасқан жері ____________________________

4. Тікұшақ айлағының иесі _______________________________________

5. Тікұшақ айлағын пайдаланушы__________________________________

6. Тікұшақ айлағының ИКАО бойынша сыныбы (HI, HII, HIII)

_______________________________________________________________

7. Осымен тікұшақ айлағы осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын қолданылу саласын есепке ала отырып, азаматтық тікұшақ айлақтарын пайдалану талаптары мен жарамдылық нормаларына сәйкес келетіні куәландырылады.

8. Сертификатты беру үшін негіз: 20__ жылғы "___"__________________ Сертификаттық тексеру актісі

_____________________________________________________________

(Сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса)

Тікұшақ айлағының<br>жарамдылық сертификатына<br>қосымша<br>ВРД сериясы<br>№________________

**ТІКҰШАҚ АЙЛАҒЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

| № | Ұшулар шарттары | Қону бағыты | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| 5 | | | |
| № | Шектеулер | | |
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |

____________________________________________________________________

(Сертификатты берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса)

Әуеайлақтарды (тікұшақ<br>айлақтарының) жарамдылығын<br>сертификаттау және оларға<br>сертификат беру қағидаларына<br>3-қосымша

**Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттық тексеру актісі __________**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 18.11.2024 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20___жылғы "___" _______ №_____ бұйрықпен тағайындалған мынадай құрамдағы комиссия:

Комиссия төрағасы ______________________________________________________

Комиссия мүшелері:_____________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

_______________________________ кезеңінде ұсынылған құжаттаманы қарады, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) сертификаттық талаптарға сәйкестігіне зерттеп-қарау жүргізді және мыналарды анықтады:

1. Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

______________________________________________________________________

(№, берілген күні және қолданылу мерзімі)

2. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) пайдалануға жарамдылық сертификаты

______________________________________________________________________

(№, берілген күні және қолданылу мерзімі)

3. Басқару және ұйымдастыру.

1) Құжаттама жиынтығының сәйкестігі және құжаттаманы басқару;

2) Өндірістік база (әуеайлақ (тікұшақ айлақ) объектілерін пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсету, оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын персоналға арналған материалдар, құралдар, жабдықтар, ғимараттар мен үй-жайлар);

3) Пайдалану қызметін жүзеге асыратын авиация персоналына қойылатын талаптар, әуеайлақ (тікұшақ айлақ) объектілеріне, құрылыстар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және осы қызметті басқару. Құзыреттілікті дайындау және тексеру бағдарламалары.

4. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) физикалық сипаттамалары, жарық сигналдық жабдықтан басқа көрнекі құралдар.

5. Әуеайлақты (тікұшақ айлағын) күтіп ұстау:

1) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңын инспекциялау (қарап- тексеру);

2) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) және объектілердің жұмыс алаңына техникалық қызмет көрсету;

3) қар мен мұздан және қауіпті метеорологиялық жағдайлардан қорғау;

4) әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) қызмет көрсету және жөндеу үшін арнайы техника.

6. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарық сигналдық жабдықтарының жүйесі және оларға техникалық қызмет көрсету. Тікұшақ айлақтары үшін - радиотехникалық және метеорологиялық жабдықтар.

7. Электрмен жабдықтау және электр жүйелері, тексеру, техникалық қызмет көрсету.

8. Кедергілерді есепке алу және шектеу, ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін қызметті бақылау.

9. Әуеайлақ (тікұшақ айлағы) туралы деректер және оларды ұсыну.

10. Ұшуларды авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету.

11. Құстар мен жануарлар тудыратын қауіпті басқару.

12. Әуеайлақта (тікұшақ айлағында) қызметті ұйымдастыру:

1) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) жұмыстар жүргізу кезінде ұшулардың қауіпсіздігі;

2) перрондағы қызметті ұйымдастыру. Перрондағы қызметтің қауіпсіздігін басқару;

3) әуеайлақта арнайы техниканың, арнайы көліктің, машиналар мен механизмдердің қозғалысын ұйымдастыру;

4) ЖҰҚЖ-да операциялардың қауіпсіздігі;

5) тікұшақ айлағында қауіпті жүктермен қызметті ұйымдастыру.

13. Авиаотынмен қамтамасыз ету, отын құю кешендерінің жабдығы (ЖЖМ қоймалары), авиа ЖЖМ сапасын бақылау және зертханасы, отын құю машиналары мен механизмдері.

14. Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі.

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) сертификаттау талаптарына сәйкестігі туралы комиссияның қорытындысы.

Комиссия төрағасы_______________________________________________________

Комиссия мүшелері: _________________________________________________

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Таныстым:_________________________________________________________________

(Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) азаматтық авиация ұйымдары, қолы)

Сертификаттық тексеру жүргізу күні: "___"____________ 20 ___ жыл.

Әуеайлақтарды (тікұшақ<br>айлақтарының) жарамдылығын<br>сертификаттау және оларға<br>сертификат беру қағидаларына<br>4-қосымша

**Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығына сертификаттауды жүргізуге ӨТІНІМ**

1.___________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің,

аты (егер бар болса), оның мекенжайы) атынан

_____________________________________________________________________

(әуеайлақтың атауы)

_______________________________________________________ негізінде әрекет

ететін ___________________________________________________________
(басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса))
______________________________________________________________
(нормативтік актілерді көрсету және атауы) талаптарына сәйкес келетіндігін мәлімдейді және осы объектінің сертификаттау талаптарына сәйкестігіне инспекциялық тексеру жүргізуді сұрайды.

2. Қосымша ақпарат (әуеайлақ (тікұшақ айлағы) класы, қону аспаптарын ескере отырып
(көзбен шолу, аспаптар бойынша, нақты емес немесе нақты кірулер) ұшу шарттары
_________________________________________________________

3. Қосымша ______________________________________________
Басшы ___________________________________________________
(Тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса)) (қолы)
М.О.
(егер бар болса) Күні ____________

Әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларына
5-қосымша

**"Әуе айлағының (тікұшақ айлығының) жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | ном |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 35 (отыз бес) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификаты немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті ұйым басшысының электрондық |

| | | |
|---|---|---|
| | | цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі. |
| 6 | Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем өлшемі және оны алу тәсілдері | Әуеайлақтың (тікұшақ әуеайлағының) жарамдылық сертификатын беру – "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына және Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелеріне сәйкес ақылы. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 08.30-дан 17.30-ға дейін.<br>2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім;<br>2) пайдаланушының аэронавигациялық қызмет көрсетуді және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жеткізушімен өзара іс-қимыл жасау шарттарының электрондық көшірмелері (қызметтерді сатып алу кезінде);<br>3) ұшуларды жарықпен сигналдық қамтамасыз ету жүйесін |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | ұшуларды тексерудің қолданыстағы актілерінің электрондық көшірмелері;<br>4) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) бойынша нұсқаудың электрондық көшірмелері, әуеайлақ (тікұшақ айлағы) ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын жедел жүргізу және өрт сөндіру жөніндегі жоспар;<br>5) авиациялық және инженерлік-техникалық персоналдың оқудан және кәсіптік деңгейін қолдауды растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>6) уәкілетті ұйымның қызметі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>7) ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді үздіксіз қадағалау жөніндегі уәкілетті ұйым жүзеге асырғаны үшін Азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидаларымен және Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерімен айқындалатын тәртіппен және мөлшерде міндетті аударымдарды төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (қайта сертификаттау кезенде). |
| | | 1) сертификатты және (немесе) олардағы деректерді (мәліметтерді ) алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың дәйексіз болуын анықтау;<br>2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Заңның 64-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға, сертификаттық талаптарға және әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкес келмеуі; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз | 3) өтініш берушіге қатысты оның негізінде өтініш беруші жарамдылық сертификатын алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі болған жағдайларда тоқтатылады;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық<br>нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де<br>талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.<br>"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, ақпараттық<br>жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға өтініш беруші келісім береді.<br>Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414",8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. |

Әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларына
6-қосымша

**Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығына сертификаттау жүргізуге өтінім бойынша шешімі**

20__ жылғы "____" _________

Сіздің әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттауға өтініміңізді

және құжаттамаңызды қарап, мынаны хабарлаймыз:

1. Сертификаттық тексеру ____ бастап ___ кезеңінде жүргізіледі.

2. Тексеру ______________________________________________________

(нормативтік құжаттардың атауы) талаптарына сәйкес жүргізіледі

3. Сертификаттық тексеруді "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" АҚ

_________________________________________________________________

(әуеайлақтың атауы)

объектілерді тексеру (сынау) жолымен жүзеге асырады,

4. Жұмыстар _____________________________өтінім негізінде жүргізіледі

М.О. (егер бар болса)

Лауазымды тұлға уәкілетті ұйымның не оған уәкілеттік берілген адамның (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және оларға сертификат беру қағидаларына
7-қосымша

**Әуеайлақты сертификаттық зерттеп-қараудың үлгі бағдарламасы**

Әуеайлақ пайдаланушысының атауы _____________________________________

Тексеру күні, бұйрық № _________________________________________________

Комиссия мүшелері_____________________________________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), комиссия мүшелерінің лауазымы)

| № | Облыстың және тексеру элементтері | сәйкестікті бағалау (+ / -) | сәйкессіздік деңгейі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Құжаттама жиынтығының болуы және сәйкестігі | | | |
| 1. | Өтініш берушінің ( әуеайлақты пайдаланушының) сертификаттау талаптарына сәйкестігі туралы өтінімі мен декларациясы | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Өтініш берушінің жарғысы (құрылтай шарты) | | |
| 3. | Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама.<br>Ескертпе: * "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік ( есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды | | |
| 4. | Өтініш берушінің ( әуеайлақты пайдаланушының) ұйымдық құрылымы, штат кестесі, жүктелген функцияларды орындау үшін жеткіліктілігі | | |
| 5. | Басшы құрам мен мамандардың ( қызметкерлердің) міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын лауазымдық нұсқаулықтар | | |
| 6. | ХААҰ DOC 9774 AN\969 "Әуеайлақтарды сертификаттау жөніндегі нұсқаулыққа" сәйкес әзірленген әуеайлақ нұсқаулығы | | |
| | Авиация персоналының, жауапты басшының, техникалық директорлардың және | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспектордың (менеджердің) біліктілігін арттыру курстарынан өтуге арналған сертификаттар, жоспар және/немесе шарттар | | |
| 8. | Авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі авариялық жоспары | | |
| 2. Өндірістік база (әуеайлақ объектілерін пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын персоналға арналған материалдар, құралдар, жабдықтар, ғимараттар мен үй-жайлар) | | | |
| 1. | Әуеайлақ объектілерін, қоймаларды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын персонал үшін өндірістік үй-жайлардың, кеңселердің жеткілікті санының болуы, олардың жай-күйі, қажетті ұйымдастыру техникасымен, байланыс құралдарымен жарақтандырылуы. Жалға берілетін ғимараттар мен құрылыстарды пайдаланған жағдайда шарттардың болуы. | | |
| 2. | Әуеайлақ объектілерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету, жөндеу және күтіп ұстау үшін жеткілікті техникалық құралдар мен жабдықтардың болуы | | |
| 3. | Арнайы техника мен жабдыққа техникалық және маусымдық қызмет көрсету бағдарламалары | | |
| 4. | Метрологиялық жұмысты жүргізу, міндетті тексеруге жататын өлшеу | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құралдарының тізбесі, ГОСТ және стандарттар талаптарын сақтау | | |
| 5. | Әуежай ішіндегі байланыс жүйесін сипаттау және қамтамасыз ету ( радиобайланыс, телефон байланысы, АФТН, ИНТЕРНЕТ, электрондық пошта) | | |
| 6. | Әуеайлақ объектілерін пайдалану, күтіп ұстау және жөндеу кезінде қолданылатын төмендетілмейтін шығыс материалдарының, химиялық реагенттердің, жөндеу материалының, арнайы сұйықтықтардың, қазандық отынының, ЖЖМ-нің болуы | | |
| 3.Құжаттаманы басқару | | | |
| 1. | Нормативтік құжаттаманың ( нормативтік-құқықтық актілердің, ИКАО стандарттарының, нұсқаулықтардың, технологиялық нұсқаулықтардың және т.б.) бақылау даналарының болуы | | |
| 2. | Пайдалану персоналының тізбесі және құжаттарға қолжетімділігі, олардың негізінде әуеайлақты пайдалану жүзеге асырылатын таратудың уақтылығы. Олардың негізінде әуеайлақты пайдалану жүзеге асырылатын құжаттарды зерделеу журналы | | |
| 3. | Пайдалану құжаттамасын уақтылы қайта қарау, тексерулер мен құжаттарды ұстаушыларды бақылау | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Жазбаларды жүргізу, есепке алу, жазбаларды сақтауын бақылануы | | |
| 4. Әуеайлақ объектілеріне, құралдар мен жабдықтарға пайдалану қызметін, техникалық қызмет көрсетуді және осы қызметті басқаруды жүзеге асыратын авиациялық персоналға қойылатын талаптар. Құзыреттілікті дайындау және тексеру бағдарламалары | | | |
| 1. | Персоналдың біліктілік талаптарына сәйкестігі | | |
| 2. | Орындалатын міндеттер мен функцияларды ескере отырып, персоналдың әрбір санаты үшін оқыту бағдарламаларының тізбесі. Бастапқы даярлауды, қайта даярлауды, кәсіптік деңгейді қолдауды ( қызметті жүзеге асырудағы ұзақ үзілістен кейінгі ағымдағы оқу және оқыту) қоса алғанда , оқыту бағдарламаларының болуы, мазмұны және талаптарына сәйкестіг | | |
| 3. | Жыл сайынғы кадрларды даярлау жоспарлары | | |
| 4. | Ішкі нұсқаушылардың құрамы, олардың құзыреті | | |
| 5. | Оқу, көрнекі, үлестірме материал | | |
| 6. | Оқу сабақтарына арналған үй-жайлардың болуы, жай-күйі, оларда өндірістік санитария талаптарының, өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуы | | |
| 7. | Оқу-әдістемелік базаның жабдықтары: техникалық , әдістемелік сыныптар, техникалық кітапхана, азаматтық авиация бойынша әдістемелік құжаттар, оқу көрнекі құралдары, оқытудың техникалық құралдары және әдістемелік әзірлемелер | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Персоналды уақтылы оқыту, растайтын жазбалар (ведомостар, сертификаттар) | | |
| 9. | Қызметкерлердің тағылымдамасы. Өздігімен жұмыс істеуге рұқсат (тәртіп, бұйрық) | | |
| 10. | Жеке құрамға, арнайы техника, машиналар мен механизмдер жүргізушілеріне медициналық қызмет көрсету (ауысым алдындағы медициналық тексеру) | | |
| 5. Әуеайлақтың физикалық сипаттамалары | | | |
| 1. | Әуеайлақтың кодтық белгіленуі және сыныбы | | |
| 2. | Критикалық әуе кемелері | | |
